Применение ЭВМ должно привести либо к усвоению нового, не изучавшегося ранее, либо вывести учащихся на более высокий уровень усвоения знаний и умений, либо сопровождаться значительной экономией времени, либо должно привести к такому уровню познавательной активности, таких новых видов деятельности, которые не могут быть получены в традиционном учебном процессе. При этом методический выигрыш должен быть значимым, весомым, чтобы окупить затраты времени учителя на усложнение деятельности учащихся. В связи с этим на экран можно выдать любую информацию и говорит об усвоении нового материала, ранее не изучавшегося. Однако ведущими учеными мира, занимающимися компьютеризацией образования, доказано, что усвоение происходит в процессе применения учащимися знаний. Принципиально новое, не изучавшееся ранее будет доступно учащимся только в том случае, если специфика их работы за компьютером приведет к возможности оперировать с ним, а не смотреть на него.

Простое наблюдение, без деятельности на основании увиденного, не представляет ценности в учебном процессе. Вот почему в основе одного из путей личностного и профессионального саморазвития и самосовершенствования учителей лежит переход педагогических работников на новые формы и методы ведения занятий с использованием компьютерных средств.

Компьютер как средство обучения может использоваться только при наличии соответствующего программного обеспечения. Применение ИТ в образовании и обучении, в конечном счете, заключается в разработке и использовании ПО учебного назначения. Особенность этого вида программного продукта состоит в том, что он должен аккумулировать в себе, наряду с компьютерной программой как таковой, дидактический и методический опыт преподавателя-предметника, актуальность и правильность информационного наполнения по определенной учебной дисциплине, а также удовлетворять требованиям образовательного стандарта и реализовывать, в то же время, возможность его применения как для самостоятельной работы обучаемого, так и в учебном процессе.

В системе образования создается огромное количество ПО для поддержки учебного процесса. Это могут быть базы данных (БД), традиционные информационно-справочные системы, хранилища (депозитарии) информации любого вида (включая графику и видео), компьютерные обучающие программы, а также программы, позволяющие осуществлять администрирование учебного процесса. Современные компьютерные технологии позволяют оптимизировать и сам процесс управления образованием. Сегодня информационные системы, выполняющие административные функции, применяются не только на федеральном, региональном или муниципальном уровне, но и на уровне отдельных учебных заведений. Автоматизированная информационная система управления учебным заведением позволяет, например, вести единую базу учащихся, а также преподавательских кадров, обеспечить учет материально-технических ресурсов школы, автоматизировать работу бухгалтерии (что стало особенно актуальным в последнее время), упростить выполнение функций обеспечения учебного процесса (составление расписания, контроль успеваемости и учебной нагрузки и т.п.), организовать библиотечное обслуживание.

Современный этап применения компьютерной технологии обучения в учебном процессе заключается в использовании компьютера как средства обучения не эпизодически, а систематически с первого до последнего занятия при любом виде обучения. Основная проблема при этом заключается в методике компьютеризации курса, который предстоит освоить обучаемому. Возможна либо полная перестройка и ориентация на создание новых

компьютеризованных курсов, либо реализация методики с частичной компьютерной поддержкой курса. Другими словами речь идет о форме компьютерной поддержки процесса обучения. В настоящее время практика использования компьютерных технологий в образовании обнаруживает две тенденции:

- применение промышленных универсальных компьютерных программ, предназначенных для решения широкого круга практических и научных задач из различных предметных областей, и адаптированных к учебным дисциплинам;
- применение обучающих программ, специально разработанных для целей обучения и реализующих соответствующие методики, заложенные в них разработчиками. На сегодняшний день существует широкий спектр программ от простейших, контролирующих до сложных мультимедийных продуктов.

В современном слэнге специалистов по программному обеспечению под термином “приложение” подразумевается любое прикладное ПО создаваемое пользователями для реализации своих “корпоративных” задач. Создание приложений учебного назначения в соответствии с современными требованиями даже с помощью инструментальных систем отдельными преподавателями и малыми творческими коллективами не дает желаемых результатов, т.к. создание качественного продукта требует участия специалистов различных отраслей информационных технологий. Поэтому для их производства необходимо организовывать стабильные технологические цепочки (издательские лаборатории). Эти лаборатории должны включать в свой состав следующих специалистов:

- руководителя проекта создания приложения;
- дизайнера проекта, обеспечивающего единство средств оформления и общей структуры приложения;
- компьютерного художника, выполняющего подготовку графических иллюстраций и анимационные фрагменты;
- специалистов по монтажу приложения, владеющих приемами работы с инструментальными средствами разработки ПО;
- консультантов в предметной области, независимых от разработчика предметного сценария;
- технических редакторов и корректоров, владеющих приемами работы в области информационных технологий;
- специалист по звуковому оформлению, выполняющий запись звуковых (речь, музыка, шум) фрагментов, их редактирование и монтаж;
- специалист по обработке компьютерного видеоизображения, владеющий приемами работы с аппаратными и программными средствами ввода, обработки и интеграции видео в программный продукт.

Конечно же, основой для реализации такого программного обеспечения служит подготовленный преподавателем сценарий компьютерной поддержки курса, обеспечивающий информационную, дидактическую и методическую составляющую курса.

При достаточной квалификации в области новых информационных технологий, умении работать на компьютере с прикладными системами и при наличии исходного варианта обучающей программы, а также подготовленных специалистами библиотек типовых графических фрагментов для обеспечения общего направления дизайна и библиотек фрагментов учебного материала, модификация конкретной обучающей программы (при сохранении высокого качества исходного продукта) станет под силу отдельным преподавателям и малым творческим коллективам. Цель модификации — создание компьютеризованных курсов для обеспечения их персонификации и настройки на каждого обучаемого.

Таким образом, развитие информационных технологий дает широкую возможность для изобретения новых методов и методик в образовании и тем самым повышения его качества. Использование информационных технологий в учебном процессе требует не только создания ЭУ, но и перестройки содержания и организации учебной деятельности. Распространение информационных технологий ведет к созданию медиатек и электронных библиотек – средств накопления информационных и методических ресурсов. Повышение качества образования на основе информационных технологий создает условия для ускорения процессов внедрения передовых достижений во все сферы общественной жизни. Для решения актуальных задач в сфере образования назрела необходимость создания системы общеобразовательных и специализированных порталов на базе ведущих ВУЗов и НИИ.

Литература

1. Журнал «Физика и астрономия».-2005, №6 (15).
2. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования.- Москва, 1994. - КБЖ 22.3-75.
3. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы.- Москва, 1987 г. ИБ-7548.

ӘОЖ 681.3

МАЛІМЕТТЕР ҚОРИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ҰҒЫМ

Байганова А.М., Есенжолова Г.Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті

В этой статье говорится о том как использовать возможности современной вычислительной техники для автоматизации обработки информации которое позволяет ускорить процессы труда, повысить эффективность работы с документами и ускорить обмен информацией. В этой статье полностью раскрываются принципы и требования к информационной базы данных.

In this article states. Revealed principles and requirements for automation of the workplace cure. Fuiiy examined in this article.

Ключевые слова: информация, система, база данных, технология, оператор, запись, sql, эффективная.

Key words: information, system, technology, command, record, operator, adapted, sql, effective.

Мәліметтер қоры ақпараттық технологияда үлкен рөл атқарады және үлкен көлемді ақпараттарды автоматты түрде өңдеудің маңызды құралы болып табылады. Мәліметтер қоры мәліметтермен жұмыс істейтін қарапайым және ыңғайлы құрал және өндірістің әр түрлі салаларында қолданылады. Мәліметтер қорының мүмкіндіктері мәліметтер қорының реляциялық жүйесі теориялық тұрғыдан жасалынып және жүзеге асырылғаннан кейін едәуір артты.

Объектілі-бағытталған мәліметтер қоры мен білім қорының жүйесі кең көлемде таралымға ие болып отыр. Объектілі-бағытталған мәліметтер қоры реляциялық мәліметтер қорын басқару жүйелері шеше алмайтын қиын есептерді шеше алады. Білім қорларындағы мәліметтер қорының реляциялық жүйелерінде мәліметтерден аса жоғарғы деңгейдегі ақпараттарды алуға мүмкіндік беретін предикаттарды есептеу логикасы қолданылады.

Есептеу желілерінің дамуы үлестірілген мәліметтер қорының рөлін арттырып отыр. Клиент/сервер технологиясы мәліметтерге орталықтандырылған қол жеткізу және басқарумен үлестірілген мәліметтерді өңдеуді білдіреді. [1, 3 бет].

Мәліметтер қорының жалпы теориясы, негізгі анықтамалар, мәліметтер қорының файлдық құрылымды мәліметтерден айырмашылығы мен артықшылықтары мәліметтер қорларын практика жүзінде қолдану кезінде қалыптасқан мәліметтер қорының әр алуан модельдері, мәліметтер қорларын концептуальды жобалаудың принциптері мен бейнелеу деңгейлері беріледі. Теориялық негізін реляциялық алгебра, реляциялық есептеу құрайтын, қазіргі уақытта ең көп тараған реляциялық модель жеке қарастырылады.

Мәліметтер қорларын пайдаланатын ақпараттық жүйелер. Оларды жергілікті ақпараттық жүйелер және бірнеше компьютерге таралған жүйелер деп айырады. Қолдану салалары бойынша ақпараттық жүйелерді өндірісте, білім беру саласында, денсаулық сақтау саласында, ғылымда, әскери істе, әлеуметтік салада, саудада және де басқа салаларда пайдалынатын жүйелерге бөлуге болады. Ақпараттық жүйелерді мақсаттық функция бойынша басқарушы, ақпараттық-анықтамалық, шешім қабылдауды қолдау сияқты негізгі категорияларға шартты түрде бөлуге болады. Файл/сервер және клиент/сервер сәулеті (архитектурасы) ақпараттық жүйелердің ең көп тараған сәулеттері болып табылады. Мәліметтерге қашықтан қол жеткізу моделі (Remote Data Access – RDA) бар ақпараттық жүйелерде ақпаратты ұсыну функциясы мен қолданбалы өңдеу логикасын жүзеге асыратын бағдарламалар біріктірілген және компьютер-клиентте орындалады. Мәліметтерді басқару қызметіне жүгіну SQL тілінің операторларының көмегімен немесе API арнайы кітапханасының функцияларын шақырып жеткізу ортасы арқылы орындалады. Мәліметтер қорының серверінің (DataBase Server – DBS) алдыңғы модельден айырмашылығы компьютер-клиент функциясы ақпаратты бейнелеу функциясымен ғана шектеледі де, ал қолданбалы функциялар компьютер-сервердегі қосымшалармен қамтамасыз етіледі. Бұл модель RDA-модельге қарағанда барынша технологиялық болып табылады. [1, 4 бет].

Мәліметтер қорларын бағдарламалық қамтамасыз ету жалпыға арналған қамтамасыз ету, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету және мәліметтер қорларын жобалау мен жасауды автоматтандыру құрал-жабдықтары болып бөлінеді. Мәліметтер қорларымен жұмыс істейтін ақпараттық жүйелердегі жалпыға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету мәліметтер қорларын басқару жүйелері дегеніміз – бұл мәліметтер қорларын жасауға, жүргізуге, қорғауға және енгізуге арналған тілдік және бағдарламалық құрал-жабдықтар кешені. Мәліметтер қорларын қолданбалы бағдарламалық ету дегеніміз – бұл нақты қолданбалы есептерді шешу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді жасаушы, немесе пайдаланушылардың өздері жасап шығарылатын бағдарламалар мен жүйелер. Delphi, C++, Visual Basic және тағы басқалар қазіргі заманғы бағдарламалардың алгоритмдік тілдерінде SQL тілін пайдаланатын мәліметтер қорларына қол жеткізу мүмкіндігін бағдарламалау құрал-жабдықтары бар. Оған қоса, көптеген МҚБЖ-де жүйеге қоса орнатылған бағдарламалау тілі бар. CASE-құралдары деп аталған CASE-технологиясын жүзеге асыратын бағдарламалық-технологиялық құралдар мәліметтер қорларын жасау мен ақпараттық жүйелерді жобалауды автоматтандыруға арналған. CASE (Computer Aided Software Engineering) терминін компьютер көмегімен бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау деп аударуға болады. CASE-құралдары дегеніміз – бұл талаптарды талдау мен тұжырымдау, мәліметтер қорлары мен қосымшаларын жобалау, кодты генерациялау, тестілеу, сапаны қамтамасыз ету, конфигурацияны басқару және тағы басқалар сияқты ақпараттық жүйелерді жасау мен ілесе жүру үдерістерін қолдайтын бағдарламалық құралдар. Төртінші бөлімде SQL тілі қарастырылады. SQL тілі – қазіргі заманғы көптеген реляциялық МҚБЖ-ның стандартты тілі болып табылады. SQL дегеніміз - Structured Queries Language сөздерінің қысқартылған түрі, ол сұраныстардың құрылымдалған тілі деп аударылады. SQL тілі реляциялық түрдегі мәліметтер қорларымен жұмыс істеуге арналған. Ол реляциялық МҚБЖ пайдаланушыларға ұсынатын барлық негізгі

мүмкіндіктерді жүзеге асырады. SQL тілі командалар (операторлар) жүйелерінен тұрады, олардың ішіндегі ең маңыздылары төмендегілер:

DML (Date Manipulation Language), мәліметтерді манипуляциялау тілі.

SELECT – мәліметтерді оқуға сұраныс жасау;

INSERT – мәліметтер қорына жаңа жазба қосу;

DELETE – мәліметтер қорынан жазбаларды жою;

UPDATE – мәліметтерді өзгерту.

DDL (Date Definition Language), мәліметтерді анықтау тілі.

CREATE TABLE – жаңа кестені жасау, оның құрылымын сипаттау;

DROP TABLE – кестені жою;

ALTER TABLE – кесте құрылымын өзгерту;

CREATE VIEW – бейнелеуді жасау;

DROP VIEW – бейнелеуді жою;

CREATE INDEX – индексті жасау;

DROP INDEX – индексті жою;

Қол жеткізуді басқару.

GRANT – пайдаланушыға артықшылықтар беру;

REVOKE – берілген артықшылықтарды алып тастау.

Транзакцияларды басқару.

COMMIT – транзакцияны аяқтайды;

ROLLBACK – транзакцияны алып тастайды.

SQL командаларын интерактивті режимде орындаумен қатар, жоғары деңгейдегі тілдерде бағдарламалауда пайдалануға болады. [1, 5 бет].

Файлдық құрылым мәліметтері. Қазіргі ақпараттық технологияларда мәліметтер қоры үлкен роль атқарады. Мәліметтер қорының пайда болуынан бұрын файлдық құрылым мәліметтері пайда болған.

Мәліметтерді жинақтау, сақтау және өңдеудің тәсілдері, әдістері есептеу техникасының өзгеруімен қатар өзгеріп отырды. Бірінші және екінші буындардағы компьютерлерде мәліметтер файлдар түрінде сақталатын және бұл файлдардағы ақпаратқа қол жеткізу біртіндеп іске асырылатын, оның себебі жинақтағыштардың магниттік таспалар болуымен байланысты болды. Үшінші буындағы ЭЕМ-де магниттік барабандар мен дискілердің пайда болуымен файлдық құрылым мәліметтеріне қол жеткізу еркін іске асырылып, қажетті ақпаратқа тікелей қол жеткізуге мүмкіндік туды. Бұл мәліметтерді өңдеу тиімділігін едәуір арттырды. Үшінші және төртінші буындағы ЭЕМ-дерде бір мезгілде мәліметтер файлдарымен қатар мәліметтер қоры пайда болды.

Файлдық құрылым мәліметтерінің мәліметтер қорына қарағанда бірнеше кемшіліктері бар. Файлдық құрылым мәліметтерінің негізгі кемшіліктері төмендегідей:

- мәліметтердің шектен тыс көп болуы;
- мәліметтердің нашар бақылануы;
- мәліметтерді басқарудың жеткіліксіз мүмкіндіктері;
- программистердің еңбек шығындарының көптігі болып табылады.

Мәліметтердің шектен тыс көп болуы файлдық құрылым мәліметтерін пайдаланатын қосымшалардың тек өз мәліметтерімен ғана жұмыс істейтіндігімен байланысты.

Сондықтан әртүрлі қосымшалардың мәліметтер файлдары бірдей ақпаратты қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, әртүрлі қосымшалардағы мәліметтер арасындағы үйлесімділікті сақтау үшін файлдың біріндегі ақпаратты өзгерткен жағдайда басқа файлдардағы сәйкес ақпаратты да өзгерту қажет. [3, 7 б.].

Мәліметтер файлдарындағы ақпарат тұтастай алғанда өзара байланыспаған, бұл мәліметтерді бақылау ісін қиындатады. Мәліметтер файлдарында бақылаудың осылайша әлсіз болуы әртүрлі қосымшалардың бірдей мәліметтерге әртүрлі мағына беруінде жатыр. Файлдардағы мәліметтердің арасында байланыстардың болмауы мәліметтерді жеткіліксіз басқаруға және тіпті басқарудың мүмкін еместігіне әкеледі.

Қосымшалар мен мәліметтер файлдарын пайдалану барысында оларды өзгертіп, түрлендіру қажеттілігі туындайды. Ол үшін программаны қайтадан жазып, мәліметтерді құрастыру қажет, бұл программалаушылардың біраз еңбек етуін талап етеді.

Ақпараттық технологияларды мәліметтер қоры үлкен рөл атқарады. Мәліметтер қоры дегеніміз – белгілі бір сипаттамасы (құрылымы) бар, өзара байланыса сақталатын ақпараттар жиынтығы.

Мәліметтер қоры бірнеше ортақ қасиеттері бар элементтер жиынынан тұратын нысандарды сипаттауға арналған. Мысалы, нысан ретінде өндірістік ұжым бола алады. Бұл нысанның элементтері (адамдар) тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, мекен-жайы және т.б. сияқты қасиеттерге ие.

Мәліметтер қорларында келесі ұғымдар қолданылады:

өріс – нысанның белгілі бір қасиетін сипаттайтын ең кіші ақпарат бірлігі;

домен – өрістің қабылдайтын мәндерінің жиыны;

мәліметтер қорының құрылымы – өрістердің жиынтығы;

жазба – нысанның бір элементі үшін өріс мәндерінің жиынтығы;

мәліметтер қорының файлы – сипатталатын нысанның элементтеріне сәйкес келетін жазбалар жиыны.

Мәліметтер қорының файлдық құрылым мәліметтерінен басты айырмашылығы – мәліметтерді ұйымдастыру тәсілінде. Әдеттегі файлдар өзара байланыспаған мәліметтер элементтерінің қандайда бір тізбегі ретінде физикалық тұрғыда ұйымдастырылса, ал мәліметтер қоры берілген сипаттамаға сәйкес ұйымдастырылады және жекелеген элементтерінің арасында байланыс болады.

Мәліметтер қоры мен файлдың тағы бір айырмашылығы – мәліметтер қорының сипаттамасы сол мәліметтер қорымен бірге сақталатындығында. Файл күрделі құрылымды болуы мүмкін, алайда бұл құрылымды анықтау сол файлдың ішінде емес, сол мәліметтер файлы жасалынған және қолданылған программаларда орналасады. Файлдағы мәліметтерді сұрау кезінде, жалпы жағдайда сұралып отырған ақпарат көлемі мен орнын беру қажет, яғни физикалық ұғымдармен жұмыс істейсіз. Мәліметтер қорында мәліметтер қорының құрылымына сай ақпараттың белгілі бір типі, мысалы мекен-жайы сұралады. [1, 9 бет].

Мәліметтер қорының қазіргі заманғы технологиясына сай мәліметтер қорын жасау, оны толықтыру және мәліметтерді пайдаланушылардың оған қатынас құруын жасақтау арнайы программалық аспаптар арқылы, яғни мәліметтер қорын басқару жүйесі арқылы орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады.

Delphi жүйесі мәліметтер қорын басқару жүйесінің нағыз өзі болмағанымен, дегенмен, мәліметтер қорын басқару жүйесінің едәуір дамыған мүмкіндіктеріне ие.

Delphi жергілікті және клиент-серверлік мәліметтер қорын құруға және оны ары қарай демеуге арналған құралдармен қамтамасыз етеді, сонымен қатар, кез келген мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған қолданбалы программаларды құруға да мүмкіндік береді. Өзінің кесте пішімі (деректерді сипаттау тілі) болмағандықтан басқа мәліметтер қорын басқару жүйелерінің кесте пішімдерін қолданады. Мысалы, DBase, Paradox немесе Inter Base. Бұл кестелердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. DBase кестесі дербес компьютерлері үшін ең алғаш пайда болған кесте пішімдерінің бірі болып табылады.

Dbase кестесінің негізгі артықшылықтары:

- қолдану қарапайымдылығы;

- көптеген қолданбалармен сәйкестігі [2].

Осы аталған пішімдер өзін-өзі жақсы ұсынғандықтан мұны кемшілік деу артық. Ал, енді басқа жағынан алып қарастыратын болсақ, Delphi-дің әр түрлі белгілеудегі қолданбаларды, соның ішінде мәліметтер қоры қолданбасын құруда мамандандырылған мәліметтер қорын басқару жүйелері мүмкіндіктерінен кем емес, кей жағдайда тіпті олардан артып та түседі.

Delphi-да құрылған қолданбалы программалар мәліметтер қорына қатынауды BDE (Borland Database Engine) арқылы іске асырады. BDE мәліметтерге қатынауды қамтамасыз ететін динамикалық кітапханалар мен драйверлер жиынтығынан тұрады. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауды жүзеге асырушы Delphi-қолданбалары орналасқан барлық компьютерларда BDE орнатылуы керек. BDE қолданба арқылы мәліметтер қорына сұраныс жіберіп, одан соң сол сұраныс бойынша қажетті мәліметтерді алады. Жергілікті мәліметтер қорына қатынау үшін мәліметтер қоры процессоры dBase, Paradox, FoxPro мәліметтер қоры пішімдерімен және мәтіндік файлдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін стандартты драйверлерді қолданады. BDE процессоры екінші бөлімде кеңінен қарастырылған.

Delphi-қолданбасы өндірістік мәліметтер қорын басқару жүйелеріне қатынауды SQL-Links сервері арқылы іске асырады. Тек Inter Base мәліметтер қорын басқару жүйесімен жұмыс жасағанда ғана бұл драйвер қажет емес.

Реляциялық қоры бір-бірімен өзара байланысты кестелерден тұрады. Әрбір кесте бірдей типті объекті туралы ақпараттан тұрады, ал кестелердің барлық жиынтығы біртұтас мәліметтер қорын құрайды.

Мәліметтер қорын құрайтын кестелер қатты дискідегі каталогта (бумада) орналасады. Кестелер файлда сақталып, бөлек құжаттарға немесе электрондық кестелерге (мысалы, кестелік процессор Microsoft Excel) ұқсайды. Оларды орын ауыстыруға және қарапайым тәсілмен көшірмесін алуға болады. Бірақ, құжаттардан бір ерекшелігі мәліметтер қорының кестелері көпқолданушылық қатынау режимін қолдайтындықтан оларды бір уақытта бірнеше басқа қолданбалы программаларда қолдануға болады. Бір кесте үшін мәліметтерден, индекстерден, кілттерден т.б. тұратын бірнеше файлдар құрылады.

Олардың ішіндегі ең бастысы мәліметтерден тұратын файл. Кестені құру кезінде кестеге берілетін ат автоматты түрде кесте файлына да беріледі. DBase кестесі үшін DBF кеңейткішті файл, Paradox кестесі үшін DB кеңейткішті файл құрылады.

Мәліметтер қорының әр кестесі ақпараттық жүйенің бірдей типті объектілері туралы мәліметтерді сақтауға арналған жолдар мен бағаналардан тұрады. Кесте жолын жазба деп, бағанын өріс деп атаймыз.

Кестелерді ұйымдастыру ерекшеліктері нақтылы мәліметтер қорын басқару жүйесіне тәуелді болады. Қолданылатын терминология кесте типі мен қолданбаны құру жүйесіне таңдауға байланысты өзгереді. Мысалы, InterBase-та кесте өрісі баған деп аталады.

Paradox кестелері едәуір дамыған және мәліметтер қорын құруға өте ыңғайлы болып табылады. Оның артықшылықтарына тоқталатын болсақ:

- әртүрлі типтерді бейнелеуге арналған өріс типтерінің көп болуы;
- мәліметтер тұтастығын қолдауы;
- енгізілуші мәліметтерді тексеруді ұйымдастыруы;
- кестелердің парольдық қорғауының болуы.

Өрістер типтерінің үлкен жинағынан қорда сақталған мәліметтер типін нақты таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, сандық ақпараттың типін көрсету үшін бес сандық типтердің бірін қолдануға болады.

Paradox кестесіндегі өріс аты әріптер (кириллица қолдануға болады) мен цифр-лардан тұруы мүмкін және ол міндетті түрде әріптен басталып, ұзындығы 25 символдан аспауы керек [3].

Қазіргі уақытта біздің қоғам ақпараттық ағымның күрт өсуімен сипатталатын заманда өмір сүреді. Бұл тек экономикалық салаға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік салаға да қатысты. Ақпарат көлемінің ең көп өсуі өндіріс, сауда, қаржылық-банктік, салық салу салаларында байқалды. Өндірісте ақпарат көлемінің өсуі өндіріс көлемінің ұлғаюымен, шығаратын өнімнің, қолданылатын материалдардың, технологиялық жабдықтардың күрделенуімен, экономикалық объектілердің сыртқы және ішкі байланыстарының кеңеюімен тікелей байланысты. Сапасы жағынан адам іс-әрекетінің ақпараттық процестері жаңа қызмет көрсетуі дербес электрондық есептеуіш техникасын

пайдалануымен, телекоммуникация жүйелерін пайдалануымен, ЭЕМ желілерінің құрылуымен байланысты. Бұған байланысты мемлекет деңгейіндегі қоғам бірқатар ақпараттандыру мәселелерін шешуі қажет.

Литература

1. Дарахвелидзе П.Г. Программирование в Delphi 7. - Санкт-Петербург, 2003.
2. Бидайбеков Е.Ы., Елубаев К., Шекербекова Ш.Т. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер.- Алматы, 2010.
3. Фаронов В.В. Программирование баз данных в Delphi 7. - Питер, 2004.

ӘОЖ 004-896

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОҚЫТУШЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚҰРУ

Бигалиева М. Ж., Жанпейсова Қ.Ә.

В статье дается определение о разработке мультимедийных обучающих систем и их анализ. Рассматриваются особенности использования мультимедийных обучающих систем в процессе оптимизаций учебного процесса.

Determination about development of the multimedia teaching systems and their analysis are given in the article. Examined to the feature of the use of the multimedia teaching systems in the process of optimizations of educational process. Peculiarities of using multimedia teaching systems in process of optimization process are examined by the author.

Ключевые слова: *информационная технология, мультимедиа, обучающая система, электронный учебник.*

Key words: *information technology, multimedia, teaching system, electronic textbook.*

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. «Білім туралы» заңда білім беру жүйесінің басты міндеті «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау» делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында оқу бітіруші түлектердің біліміне қойылатын талаптардың ішінде былай делінген:

- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызмет саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;
- өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне пәнаралық жобаларымен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу.

Білім берудің кез келген саласында электрондық оқу құралын пайдалану білім алушының танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Бүгінгі күннің басты ерекшелігі оқу процесін жетілдіру жолында ең озық әдістемелер іздестіріліп, оқу орындары әртүрлі оқу бағдарламамен жұмыс істеуде. Солардың ішінде білім алушы үшін мультимедиялық оқытушы жүйелерді пайдалану арқылы:

- оқу материалдары туралы білім алушыларға дәл және толық ақпарат беру арқылы оқыту сапасын арттырады. Оқытудың көрнектілігін арттырып, оқу материалын саналы игеруге жеткізеді;

абстрактылы оқу материалдарын нақтылыққа жеткізіп, оқытудың тиімділігін жетілдіреді;

оқу материалының маңызын арттырып, уақыттан ұтып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге қол жеткізеді. Есте сақтаудың әсер алу, қайталау ассоциация арқылы оқу материалдарын терең игеруге жеткізеді;

- оқытушы мен білім алушы еңбектерін жеңілдетіп, пікір алысып, байланыстарын арттырады.

Қазіргі таңда дайындалған мультимедиялық оқытушы жүйелерді мынадай жағдайларды ескеру керек:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын, тақырыпқа қатысты нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

электрондық оқулықтар оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі материалдар;

- зертханалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалдар;
- материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші материалдар;
- аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест;
- материалды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері қамтылуы.

Дұрыс құрылған программалық жабдықтау білім беруде компьютерлік технологияларды тиімді қолданудың факторларының бірі болып табылады. Электрондық оқу құралын жасауда ерекшелік, педагогикалық, эргономикалық, психологиялық талаптар ескеріледі. Қазіргі кезде электрондық оқу құралы қандай болу керектігі жайлы бір мәнді нұсқаулар жоқ, дегенмен кейбір жалпы қағидалар программалық оқу құралын құруда көмегін тигізуі мүмкін. Электрондық басылымдар мәтіндік, графиктік, музыкалық, видео, фото және құжаттардың жинағы түрінде беріледі. Электрондық оқу құралы кез-келген электронды тасығышта орындалуы немесе жергілікті, не ауқымды желілерді орналасуы мүмкін [1.10-11].

Магистрлік диссертация аясында C++ программалау тілін жоғары оқу орындарында оқытуға арналған мультимедиялық оқытушы жүйесі құрылды. Құру ортасы электрондық оқыту жүйелерін құруға арналған арнайы мамандандырылған Adobe Captivate программалық өнімі пайдаланылды. Бұл программалық жабдықты пайдалану келесі негізгі артықшылықтарды берді:

- қолайлы интерфейс құру жеңілдігі;
- тесттің бірнеше түрін жүзеге асыру;
- практикалық тапсырмаларды электрондық оқулық ортасында орындау мүмкіндігі.

Құрылған электрондық оқу құралы дәстүрлі электрондық оқулыққа тән және оқытушы орындайтын есептерді шеше алады. Электрондық оқулық көлемінде оқу материалын қолданып, студент қажетті ақпаратты ала алады. Түсінікті интерфейс студентке ыңғайлы жағдай туғызады. Программалық жабдықтардың күрделілігі мен дербес компьютерлердің өндірісінің өсуі қолданушыға қолданылатын қосымшалардың барлық атқаратын функциясын ойда ұстау күннен-күнге қиынға түсуде. Сондықтан күнделікті жұмыста операциялық жүйенің немесе программалық жабдықтың барлық мүмкіндіктері қолданыла бермейді [2,2-3].

Электрондық оқу құралында қарастырылған кіріспе оқу курсына ең маңызды командалармен жұмыс жасауды үйретеді. Қолданушының көбісі жаңа өнімнің алдындағы қорқыныш сезімінен арылған соң, жеткілікті тәжірибе жинап алғаннан кейін программаның барлық мүмкіндіктерімен танысқысы келеді. Оларға командалардың ұзақ сипаттамасы керек емес, қысқа әдістемелік құрал қажет. Құралдағы барлық ақпарат жұмыс кезінде талап етілетін мәліметті алуға ыңғайлы түрде беріледі. Бөлімдерді бірегей ретпен құру қажетті ақпаратты тез меңгеруге мүмкіндік тудырады және іздеу уақытын қысқартады. Сілтемелер қарастырылған сұраққа қатысты барлық ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Мұндай негіздемелер педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған электрондық оқу құралдарына тән [3,32-39].

Электрондық оқу құралын қолдана отырып студенттер төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- өтілегін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- білім алушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін – өзі тексеруге;
- жұмысты тиянақты түрде орындап, оқытушыға файл түрінде тапсыруға;
- түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- оқулықты сабақтарда қолданып, білім алушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Құрылған электрондық оқу құралының басқа электрондық оқулықтардан басты ерекшелігі практикалық тапсырмалар оқулық ортасында беріліп, дұрыстығы тексеріледі. Бұл білім алушының қызығушылығын арттырады. Екінші ерекшелігі тесттің 4 түрі қарастырылған:

- бір жауапты тест;
- бірнеше жауапты тест;
- сәйкестендіру тесті;
- еркін жауап;

Ақпараттық технологиялардың мүмкіндері пайдаланып жасалынған электрондық баспа оқулығын пайдалану арқылы оқытушылар мен білім алушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Әсіресе аталған электрондық оқулықты пайдалану білім алушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылатып, өздігінен оқытушының нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және практикалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызады. Электрондық оқулықты қолдану барысында графикалық безендірулер және сұқбат терезесі түрінде пайдаланушы интерфейсі білім алушыларды пайдалануға деген қызығушылығын арттырады.

Электрондық оқулықты қолдану саласы өте кең: электрондық – оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпыныс бар білім алушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігін көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылау жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1.Өтелбаева А. Электронды оқулық - оқытуға арналған программалық жүйе //Информатика негіздері. - 2007.-№6. - С. 10-11.
- 2.Байғанат Р. Білім беруде ақпараттық технологияны пайдалану [текст]//Информатика негіздері. - 2012. - №1. - С. 2-3.
- 3.Нұрманбетова Ш. "Үш өлшемді әдістемелік жүйе" педагогикалық технологиясы негізінде электронды оқулықтарды пайдалану тиімділігі [текст] // Ұлағат. - 2007. - №4. - С. 32-39.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

УДК 531.717:534.27:535.3:537.533.35:539.25

**ЭЛЛИПСОМЕТРИЯ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МИКРОСКОПИЯ ӘДІСТЕРІМЕН
Si-SiO₂ ҚАБАТТЫ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ**

Жұбаев А.Қ., Сансызбаева А.Е., Сұлтанғали Н.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В статье исследованы слоистые системы оксид кремния – кремний методами эллипсометрии и сканирующей электронной микроскопии.

Silicon oxide Silicon layered systems are studied in this work methods of spectral ellipsometry and scanning electron microscopy.

Ключевые слова: *спектроэллипсометр, сканирующий электронный микроскоп.*

Key words: *spectral ellipsometer, scanning electron microscope.*

Жаратылыстану ғылымдарының прогресі өлшеу әдістерінің дамуына байланысты. Қазіргі уақытта өлшеулердің сезгіштігі, дәлділігі мен локальділігінің арттыруы маңызды болып табылады.

Эллипсометрия әдісі жарық шоғының зерттелінетін объектіден шағылу нәтижесінде оның поляризация күйінің өзгеруін зерттеуіне негізделеді. Эллипсометрия әдісінде бірқатар ерекшеліктері бар. Біріншіден, эллипсометрия затты бұзбай зерттейтін әдістерге жатады. Екіншіден, бұл әдіс беттіктің күйін, жұқа беттік ұлпалардың құрылымын және қос фаза арасындағы құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, эллипсометриялық өлшеулерді температура мен қысымның кең ауқымында өткізуге болады [1,2].

Эллипсометрия – жоғары сезгіш әрі аса жоғары дәлдікті әртүрлі орталардың беттігі мен шекаралық бөліктерін (қатты, сұйық, газ тәрізді) зерттеудің поляризациялық-оптикалық әдіс болып келеді. Эллипсометрияда кең қолданылатын аспап – спектрлік эллипсометр ЭЛЬФ [2, 4].

Растрлік (сканерлеу) электрондық микроскопында [3, 6] электрондар шоғы зерттелінетін объектінің беттігін толығымен сәулелендірмейді, ол тек қана белгілі нүктеде тоғысталады және ауытқытушы жүйе арқылы беттікті сканерлейді. Бұл сканерлеу микроскоптың принципті айырмашылығы болып табылады. Беттіктен шағылысқан электрондар детектормен тіркеледі, сонда беттік құрылымы туралы мәліметтер алуға мүмкіндік пайда болады. Бұл жағдайда кескінді құрастыруға қатысатын электрондар зерттелінетін үлгіден өтпейді, сондықтан үлгі қалыңдығына шектеулер қойылмайды және оның дайындалу процедурасы жеңілдейді. Бұдан басқа, қондырғының ішінде жоғары вакуумды жасауға қажеттілігі жоқ, сонда микроскоптың конструкциясына жеңілдіктер енгізіледі.


Эллипсометр ЭЛЬФ материалдардың оптикалық параметрлерін анықтау, көпқабатты құрылымдағы қабаттардың қалыңдығын, беттің өңдеу сапасын анықтау үшін қолданылады.

Спектрлік эллипсометр ЭЛЬФ мынадай бөліктерден тұрады: қорек көзі; оптикалық-механикалық блогы (1-сурет). Оптикалық схемасы 2-суретте келтірілген.



1-сурет – ЭЛЬФ эллисометрдің сыртқы көрінісі

”ЭЛЬФ тің” оптикалық схемасы



2-сурет – ЭЛЬФ-тің оптикалық схемасы:

1 – галогенді лампа; 2 – линза; 3 – диафрагма; 4 – сфералық айна; 5 – адымды қозғалтқыш арқылы басқарылатын дифракциялық тор; 6 – сфералық айна; 7 – диафрагма; 8 – сфералық айна; 9 – диафрагма; 10 – кальциттен жасалған сына; 11, 13 – сфералық айналар; 12 – үзгіштер; 14, 15 – линзалар; 16 – диафрагма; 17 – айналмалы айна; 18 – тексеріс терезесінің әйнегі; 19 – Волластон сфералық айна; 22, 23 – фотоқабылдағыштар; 24 – жарық диоды; 25 – жартылай мөлдір айна; 26 – сым крест; 27 – сфералық айна; 28 – жазық айна; 29 – линза; 30, 31 – жазық айналар; 32 – Френель ромбы.

Спектрлік эллисометр ЭЛЬФ-тің жұмыс істеу принципі поляризация күйіне өтуге негізделеді, сол кезде зерттелетін үлгіге монохроматты жарықтың шоғы бағытталады. Содан соң сызықты поляризацияланған градусы P және $P+90$ азимуттағы ортогональды


поляризацияланған жарық шоғы пайда болады. Үлгіден кескінделген қос поляризация күйіндегі шыққан сәуле фотоқабылдағышқа түседі және эллипсометрлік параметрлерді электронды жүйеде тіркеу арқылы талданады. Спектрлік эллипсометр Эльфте қозғалатын поляризациялық элементтердің болмауы одан өлшенетін параметрлерінің ақиқат пен дәл нәзіктігінің жақсаруына мүмкіндік береді.

Материалдардың жұқа қабаттарының қалыңдығын өлшеу зерттеу жұмысын орындау үшін үлгінің спектрлік өлшеулерін жүргізу, яғни берілген әдістер көмегімен спектрдің эллипсометрлік Ψ және Δ бұрыштарын алу керек. Зерттеу объектісі ретінде кремний төсенішінде кремний тотығы алынды.

Алдымен үлгі моделін қалыптастыру қажет. Үлгі моделінің түсу бұрышы 70° қойылып, зерттелінетін SiO_2/Si үлгіні орналастыру. Қор файлдар тізімін терезесін ашып, қажет файлды тандаңыз. Қабат қалыңдығын (d параметрі) еркін параметр ретінде қалдырамыз. Үлгі моделінде сонымен қатар еркін деп саналатын dd параметрі де кездеседі.


Енді модельдегі қабаттың қалыңдығын өзгерте отырып, ең алдымен есептеу қисығының $\text{tg}\Psi$ шыңы экспериментпен (“simulation” режимінде) сәйкес келуі керек. Бұдан кейін, қабаттың қалыңдығын аздап өзгерте отырып, теориялық шың мен эксперименттік шыңды сәйкестендіріңіз. Егер “simulation (add)” режимін қолдансақ, онда графикте жаңа қисық пайда болады. Ал “simulation (change)” режимінде жаңа қисық алдыңғы қисықты жаңартып отырады. Әрі қарай спектр бойынша есептеулер режимін (“calc spect”) пайдаланып, ең жуық алдын-ала алынған қалыңдықтарды пайдаланып қабат қалыңдығы анықталады (3-сурет).

Бұл процедураларды орындау кезінде кері есеп шығарылады да SiO_2 қабаттың қалыңдығы анықталады. Мұнда $\text{tg}\Psi$ және $\cos\Delta$ мәндері экспериментке сәйкестенеді. Есептеулерде қабаттың қалыңдығы үлгі моделінде көрінеді де, ал графиктерде спектрдің эллипсометрлік бұрыштары пайда болады және олар қалыңдыққа сәйкес келеді.




3-сурет – Жұқа қабаттың қалыңдығын анықтау нәтижесі

Микроприставканы қолдана отырып үлгінің кеңістік картасын құру болады. Бұл жұмыс үшін ауданы бойынша біртекті емес қалыңдықты үлгі пайдаланады. Үлгіні жарықта қарап, үлгінің түсі қызғылт түстен жасылға дейін өзгертінін көруге болады. Микроприставканы орнатылады. Өлшеуді үлгінің қызғылт түсті шетінде, жасыл түсті шетінде және ортасында жүргізіледі. SiO_2 қабаттың қалыңдығы есептелінеді.



4-сурет – Аудан бойынша біртекті емес қалыңдығы бар үлгінің қалыңдықтарын анықтау нәтижесі


Үлгінің қызғылт шетінен 2 мм қашықтықта сәуле түсетіндей үлгіні орналастырылды. Микрометрлік винттің көмегімен үстел 1 мм-ге түстің өзгеру бағытына қарай жылжытылды. Өлшеу жүргізілген әрбір нүктеде қабаттың қалыңдығы есептелінді. Үлгінің 15 нүктесінде қалыңдық өлшенді де қабаттардың қалыңдығының үстелдің ығысуына тәуелділігі тұрғызылды (5-сурет).



5-сурет – Кремний тотығы қабатының кремний төсенішіндегі кеңістік картасы


SiO₂ қабаттың қалыңдығының картасы құрылғаннан кейін Si-SiO₂ үлгілері электрондық микроскопия әдісімен зерттелінді.

Электрондық микроскоп зат беттігінің құрылымы туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді. Зерттеу қондырғысы ретінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің жанындағы ғылыми-зерттеу нанотехнологиялық лаборатория құрамына кіретін “Phenom” электрондық микроскопы қолданылды (6 сурет).



6-сурет –“Phenom”
микроскопының сыртқы көрінісі

“Phenom” – жылдам, әмбебап сканерлі электрондық микроскоп (7-сурет). “Phenom” электрондық микроскопы кескінді $800\times - 45000\times$ ауқымында үлкейтуге және 25 нм дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік береді. Сканерлі электрондық микроскоптың ерекше құрылымы материалтанудың әртүрлі мәселелерін шешуге, өндірістің сапасын бақылауға мүмкіндік береді және фармацевтикада, криминалистикада, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, мамандарды дайындауда үлкен сұранысқа ие.



7-сурет –“Phenom” микроскопының құрылысы

1. Жүйе басқару тетігі аспапты күту режимі мен іс-қимылсыз режимінен жұмыс режиміне ауыстырады және де аспапты жұмыс режимінен күту режиміне ауыстырады. POWER: Phenom-ды қорек көзіне қосқанда жасыл түс жанып сөнеді және аспап жұмыс режиміне ауысады; күту режимі мен іс-қимылсыз режимінен жұмыс режиміне ауысқанда жасыл түс жанып сөнеді; күту режимі кезінде қызғылт сары түс жанады; іс-қимылсыз режим кезінде қызғылт сары түс жанып сөнеді.
2. SAMPLE (үлгі индикаторы): Үлгі жүктелген кезде, жасыл түс жанады
3. Есік жабылғанда, қызғылт сары түс жанады.
4. Есік бұғатталғанда, жасыл түс жанады.
4. Есік
5. Үлгіні еңгізу бөлігі арқылы үлгі ұстағышы аспапқа еңгізіледі
6. Үлгі ұстағышы

7. USB порттары арқылы USB флэш-картасы қосылады және тышқан мен айналу тұтқасы қосылады.
8. Phenom сенсорлық экранмен және айналу тұтқасымен бірге жұмыс жасайды
9. Phenom сенсорлық экранмен және тышқанмен бірге жұмыс жасайды
10. Алынған кескіндер сақталады.
11. USB-кабель USB-порт арқылы монитор мен Phenom-ды байланыстырады.
12. Мониторды басқару:



- мониторды қосу және сөндіру

LED – монитор қосылулы кезде жасыл түс жанады



– монитордың мәзірін көрсетеді және меню пункттерін таңдайды

– and + – мониторды реттеу

13. Сенсорлы экран

Айналу тұтқа мен тышқан бірге жұмыс жасайды

14. 0/I ауыстырғыш

15. Қорек көзінің кабелі үшін байланыстырғыш

16. Балқымалы қорғағыштың ұстағышында қорғағыштар бар.

17 Вакуумдық сорғышты қосуға арналған құбыршек.


Сенсорлық экран мен айналмалы тышқанның көмегімен басқару жұмыстың ыңғайлы және тез болуын қамтамасыз етеді. Оптикалық режимнен электрондық режимге бір батырманы басу арқылы автоматты түрде ауысады. Анализ жасау үшін алынған суретті USB 2.0 жадылы флэш-картаға немесе жұмыс компьютеріне сақтауға болады. Үлгі жүктелгеннен кейін 30 секундтан соң жұмысты бастай беруге және жоғары дәлдікпен кескіндерді алуға болады.

1-кесте – “Phenom” микроскопының сипаттамалары

Атауы	
Жүйе	Кескінді алу модулі, сенсорлық дисплей 19”, тышқан, айналмалы тышқан, мембраналық вакуумдық сорғы, ток көзі, USB 2.0 жадылы флэш-карта
Жұмыс жасау режимі <ul style="list-style-type: none"> • Оптикалық • Электронды-оптикалық • Цифрлық үлкейту • Минималды көру өрісі 	<p>Үлкейтуі 20–120×</p> <p>Үлкейту диапазоны: 80× – 45000×</p> <p>12×-ке дейін</p> <p>45000×-те 6 мкм</p>
Жарықтандыру көзі <ul style="list-style-type: none"> • Оптикалық режим • Электронды – оптикалық режим • Жылдамдатқыш кернеу • Ажырату қабілеті 	<p>LED, осьті таңдау еркіндігі</p> <p>Өмір сүру уақытының өсуі бар термоэлектронды көз</p> <p>5 кВ</p> <p>25 нм</p>
Кескін алу режимдері <ul style="list-style-type: none"> • Оптикалық • Электронды - оптикалық 	<p>Түсті цифрлық навигациялық камера</p> <p>Шашыраған электрондарға кері жоғары сезімталды детектор</p>
Кескін форматы Кескіннің дәлдігі Кескін элементтерінің дәлдік қабілеті	<p>JPEG, TIFF, BMP</p> <p>456×456, 684×684,</p> <p>1024×1024 және 2048×2048 пиксель</p> <p>2048×2048 пиксельде 2,9 нм</p>


Мәліметтерді сақтау	USB 2.0 жадылы флеш-карта немесе желілік дискі
Үлгі өлшемі	Диаметрі 25 мм-ге дейін, биіктігі 30 мм-ге дейін
Үлгіні жүктеу уақыты <ul style="list-style-type: none"> • Оптикалық режим • Электронды-оптикалық режим 	<ul style="list-style-type: none"> < 5 сек < 30 сек
Өлшемі және салмағы <ul style="list-style-type: none"> • Кескін алу модулі • Мембранды вакуумды насос • Қорек көзі • Сенсорлық экран монитору 	<ul style="list-style-type: none"> 286×566×495 мм, 50 кг 145×220×213 мм, 4.5 кг 156×300×74 мм, 3 кг 375×203×395 мм, 7.9 кг
Температура	15 °C ~ 30 °C (59 °F ~ 86 °F)
Ылғалдылық	< 80%
Электр қорегі	110 - 240 В, бір фаза, 50/60 Гц, Қажетті қуат 300 Вт (макс.)

Rhenom электрондық микроскоп көмегімен кремний төсенішінде кремний тотығының қаптамасы қондырылған үлгілер зерттелінді (8-11-суреттерді қара). 8-суретте кремний төсенішіндегі кремний тотығының морт сынған бөлігінің $\times 420$ есе үлкейтілген бейнесі көрсетілген.




8-сурет – Қапталған үлгінің шетіндегі микроқұрылымы ($\times 420$)

9-суретте кремний төсенішіндегі кремний тотығының беттігінің кедір-бұдырлығы $\times 3900$, $\times 8000$, $\times 6500$ есе үлкейтілген. Кремний беттігіндегі құрылымдар $\approx 10 \div 30$ мкм өлшемдерге ие.



(a)

(б)




(в)

9-сурет – Қаптама беттігінің әртүрлі учаскілерінің құрылымы:

(a) – $\times 3900$; (б) – $\times 8000$; (в) – $\times 6500$

10-суретте кремний беттігінің тегіс емес кеуекті екенін көруге болады. Кеуектердің орташа өлшемі ~ 50 мкм болды.




(a)

(б)

10-сурет – Кеуекті кремнийдің беттігінің микроқұрылымы: (a) – $\times 200$; (б) – $\times 900$

11-суретте кремний тотығына қаптама қондырғанда ақаулар пайда болатынын көреміз. «Гүлдердің» өлшемдері шамамен 1,8 мкм.



(а) (б)
 11 сурет – Кремний тотығына қаптама қондырған кезде пайда болған ақаулар:
 (а) – $\times 5000$; (б) – $\times 15000$

Жұмыста Si-SiO₂ қабатты жүйелері эллипсометрия және микроскопия әдістерімен зерттелінді. Зерттеу құрылғылары ретінде эллипсометр ЭЛЬФ, электрондық микроскоп Rhenom пайдаланылды. Жұқа қабаттың қалыңдығы анықталды және кеңістік картасы құрылды. Кремний тотығының беттіктегі микроқұрылымы мен бөлшектердің өлшемдері анықталды.

Әдебиеттер

1. Горшков М.М. Эллипсометрия. – М.: Советское радио, 1974.- 200 с.
2. Ковалев В.И. и др. Разработка оптических методов и аппаратуры для контроля технологии и параметров полупроводниковых структур нано и микроэлектроники // Радиотехника и электроника.-1999.- Т.44.- С.10-59.
3. Векилова Г.В., Иванов А.Н., Ягодкин Ю.Д. Дифракционные и микроскопические методы и приборы для анализа наночастиц и наноматериалов: Учебное пособие. – М.: МИСиС.- 2009. -145 с.
4. Ковалев В.И., Руковишников А.И. Компактный многоканальный спектроэллипсометр для ex situ и in situ измерений// Приборы и техника эксперимента.- 2003.- Т.2.- С.164-165.
5. Аззам Р., Башара Н. Эллипсометрия и поляризованный свет. – М.: Мир,1981. -583 с.
6. Синдо Д., Оикава Т. Аналитическая просвечивающая электронная микроскопия. – М.: Техносфера. -2006. -256 с.

ӘОЖ 911

Қазақстанда минералды-шикізат ресурстарын кешенді пайдалану

Айгужина С.У., Сомтемір А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В данной статье рассмотрены ресурсы минерального сырья Республики Казахстан, а также их влияние на окружающую среду, и вопрос о том, как выгодно использовать минеральные сырье.

In this article are described Resources of mineral raw materials of the Republic of Kazakhstan also the influence on environment, and the orellem of using use mineral raw. are desckibed in thes article.

Ключевые слова: *ресурсы, минеральное сырье, редкие металлы, ископаемые.*
 Key words: *resource, mineral raw materials, rare metals, fossil.*

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында кен-металлургия кешені Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан жоғары дамыған елдердің қатарына қосылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін басым салалардың бірі ретінде белгіленген. Республика кен-металлургия кешенінің басты міндеті ішкі және сыртқы рыноктардың қажеттерін қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті өнімдер шығару болып табылады [1, 136.].

Қазақстанның минералдық-шикізаттық кешені әлемдік минералды шикізат балансында айтарлықтай күшті позицияға ие, әлемдік минералды шикізат рыногының дамуы мен ұлғаюына үлкен ықпал ете алады. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі геология және жер қойнауын игеру комитетінің ақпараттық-талдау орталығының мәліметтері бойынша әлемдік зерттелген қор жөнінен Қазақстанның алар үлесі мынадай: алтын – 2,7% (әлемде 8-орында), күміс – 16%, мыс – 7,1%, марганец – 30% (2-орын), қорғасын – 22%, мырыш – 15,2%, барит – 47,2% (1-орын), темір – 6%, кобальт – 3,9% (5-орын), хром – 37,6% (8-орын), боксит – 1,4% (10-орын), никель – 1,4% (12-орын). Әлемдік мыс, титан, ферроқорытпа және болат рыноктарында Қазақстанның атқаратын рөлі аз емес, ал Еуразиялық субконтинентте хром бойынша монополист, темір, марганец, алюминий жөнінен өңірлік рынокта (ТМД елдері, бірінші кезекте Ресей) айтарлықтай ықпалы бар.

Қазақстан – жердегі минералды – шикізат базасына бай аздаған елдердің бірі. Әлемдегі алынатын 55 түрлі пайдалы қазбалардың (олардың 29 –ы металдар) Қазақстанда 39 –ы алынады. Салыстырмалы түрде алсақ жоғарғы көрсеткіштер тек Ресейде – 49, Қытайда – 45, Австралия және АҚШ – 42, Бразилия – 41 түрлі пайдалы қазбалар өндіріледі.

Мұнай мен табиғи газ қорлары бойынша республика әлем елдерінің бірінші ондығына кіреді, мұнда тас және қоңыр көмір, темір, хормит, қорғасын, мырыш, мыс, уран және сирек кездесетін металдар т.б. табылған. Аталған пайдалы қазбалардың түрлерін өндіру, қайта өңдеу және байыту процесінде литосфера мен тұтас қоршаған орта жағдайына неғұрлым мұнай, табиғи газ концентраттарын өндіру ықпал етеді.

Исследуя процессы образования новой лексики в современном английском языке, можно обнаружить, что помимо традиционных моделей словосложения, выделяются новые, среди которых одной из самых продуктивных является модель: аббревиатура + N. В результате действия данной модели образуются сложносокращённые слова типа "основа-усечение + обычная основа". Действие данного образца ограничено научно-технической сферой. Ср. вариант модели: аббревиатура + акроним = N. Иногда в состав модели входят различного рода символы: T-shirt (футболка в форме буквы T), заимствованная во французском языке в неизменном виде и в русском в виде "тишотка". Отмечая создание подобных сложносокращённых единиц, нужно сделать оговорку, что их статус нуждается в уточнении, так как не всегда с полной уверенностью можно сказать, имеем ли мы дело со сложносокращённым словом, словом-слитком, собственно сложным словом или дериватом, поскольку неясно, чем является первый компонент подобных образований; выступает ли он усечением, уже самостоятельно функционирующим в языке, или компонент вне слова не существует.

Аббревиация активно взаимодействует с другими способами словообразования. От аббревиатур могут образовываться новые слова с помощью традиционных способов словообразования: а) словопроизводства; б) словосложения; в) конверсии. Анализ особенностей структуры производящих основ в английском языке показал, что среди них выделяются аббревиатуры и акронимы, что является новой тенденцией в аффиксальном словообразовании. Одной из самых продуктивных суффиксальных моделей последнего десятилетия с производящими основами подобного типа является модель Acronym + ie = N, например, uyprie (young urban professional people) и yumprie (young upwardly mobile professional people). Обе единицы появились в начале 80-х гг. для обозначения молодых преуспевающих амбициозных городских жителей, занятых в сфере рекламы и торговли. С помощью одновременного действия аббревиации и суффиксации образованы blackie (black + ie) - "кузнец". Аббревиация создаёт в этих случаях особые аббревиатурные морфемы (black - "чёрн-", brick - "кирпич-", post - "почт-"), лишь формально совпадающие с уже существовавшими в английском языке корневыми морфемами black-, brick-, post - (рус. "пищевик", "плановик", "спецовка"). Таким образом, аббревиационные процессы являются специфической особенностью языка виртуальной коммуникации и отличают его от общезыковой нормы.

Литература

1. Алексеев Д.И. Аббревиатуры как новый тип слов. -Москва,1977.
2. Бергельсон М.Б. Конструирование адресата в условиях виртуальной коммуникации. - Москва, 2004.
3. Борисов В.В. Аббревиация и акронимия. -Москва,1982.

ӘОЖ 82.09

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА 3. ҚАБДОЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ

Сәдуақас Н.Ә., Тамашева А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются научное и литературное творчество Зейноллы Кабдолова в школе.

The article examines Zeinolla Kabdolorov's scientific and literary creativity scientific at school. Is examined in the given article.

Ключевые слова: *писатель, ученный, исследователь, публицист, монография.*
Key words: *writer, scholar, researcher, critic, essayist, monograph.*

Мектепте қазақ әдебиеті пәнін қазіргі ғылым жетістіктері мен оқытудың жаңа технологияларына сай оқыту ісінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік ізденістерін талап етеді. Мұғалім сабақты жан-жақты ізденіспен өткізу мақсатында оқушының пән оқулықтарымен шектеліп қалмай, қосымша деректерді кең қамти білуіне назар аударғаны жөн. Бұл әрбір мұғалімнің оқулықты қосымша тың деректермен толықтырып, оқушыға терең де сапалы білім беру бағытында оқу-әдістемелік материалдарды барынша ұқыпты зерделеп, саралап, таңдап ала білуін қажет етеді. Бүгінгі таңда оқулықтардағы білім мазмұнын тереңдете түсуге ерекше назар аударылып отыр. Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқушылар арасында жүргізілетін үйірме жұмыстарында да ақын-жазушылар шығармашылықтарын жан-жақты талдап түсіндіруде оқулықпен

шектеліп қалмай, қосымша деректердің мол қамтылғаны дұрыс деп білеміз. Әдеби шығармаларды ғылыми тұрғыда талдап оқыту барысында оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығы арта түседі. Сондықтан мұғалім сабақта ақын-жазушылардың әдеби шығармаларын оқытудан бұрын әдебиетші-ғалымдардың зерттеулері мен олардың ғылыми-әдеби шығармашылықтарымен де таныстырып отыруының маңызы зор [1. 241 б.]. Осы орайда, біз жазушы, ғалым, зерттеуші, сыншы, эссеист, публицист Зейнолла Қабдолов шығармашылығын оқытуда қолданған деректер мен әдістемелік жұмыстарымыз жөнінде баяндамақпыз. Мектепте Зейнолла Қабдолов шығармашылығын оқытудағы мақсатымыз ғалым-жазушының сөз өнері туралы зерттеулері мен әдебиетті байланыстыра қарастыру арқылы оқушыларды қазақ әдебиетінің көркемдік әлемін түсіне білуге, танымдық көзқарасын қалыптастыруға баулу жұмыстарын дамыту болып табылады. Сондықтан әдебиет сабағында Зейнолла Қабдолов шығармашылығын оқытуда төмендегідей жоспар құрамыз:

1. Зейнолла Қабдолов - әдебиет маманы.
2. Зейнолла Қабдолов - сыншы, публицист.
3. Зейнолла Қабдолов - жазушы, аудармашы.
4. Зейнолла Қабдолов - ұстаз, ғалым.
5. Зейнолла Қабдолов - эссе-толғаныстар шебері.

Жазушы, ғалым, зерттеуші, сыншы, эссеист, публицист З.Қабдоловтың шығармашылығын оқушыларға таныту жолында оның еңбектерінен ғана емес, оның шығармашылығы туралы зерттеу жүргізген, ой-пікір айтқан адамдардың барлығының еңбектерін пайдаланамыз. Осы мақала да өзге зерттеушілер сөздерінің құнарлы ойлары арқылы өріліп, оқушыларды зерттеушілер еңбектерін түпнұсқадан оқуға қызықтыру мақсатындағы алғашқы ізденісіміз түрінде жазылып отыр. Сондықтан әдістемелік ізденісіміз мақсатындағы бұл мақала осы тақырыпты зерттеушілердің асыл ойлары мен толғаныстары негізінде құрылды. Зерттеуші адамдардың еңбектері тізімдері де балаларға ұсынылып, олардың өз бетімен ізденуіне бағыт береміз.

Жазушының прозалық алғашқы еңбегі «Өмір ұшқыны» повесі 1956 жылы жарық көрді. Оқырман жұртшылық ерекше бағалаған бұл повесін жазушы кейіннен қайта қарап, өңдеп, толықтырып, романға айналдырады. Бұл «Жалын» романы деген атпен 1963 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланды. Кейіннен қос роман біріктіріліп, 1974 жылы «Біз жанбасақ» деген атпен бір том боп шықты. Дилогия шетел тілдеріне аударылып, бұл кітабы үшін жазушы З.Қабдоловқа жазушылар одағының сыйлығы берілді [2.56].

Ғалым З.Қабдолов 1961 жылы қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының қалыптасу жолын, даму бағытын зерттеп-зерделеу тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап шықты. 1970 жылы «Қазақ әдебиетінің келелі теориялық мәселелері» бойынша филология ғылымдарының докторы дәрежесін қорғап, осы еңбектердің негізінде «Шеберлік мектебі», «Сөз өнері» монографияларын жазып, соңғысын қалың оқырман жұртшылықтың кітап сөрелерінен орын алған және жоғары оқу орындарының бірден-бір дәріс құралына – тұрақты оқулыққа айналдырды [3.62б.].

З.Қабдолов – шебер аудармашы да. Ол орыс ақындары А.С.Пушкиннің, Н.Гогольдің ертегі, эпистолярлық шығармаларын, Л.Кассильдің «Қымбатты балаларым», В.Добровольскийдің «Сұр шинелді үш жігіт», В.Закруткиннің «Судағы станица» романдарын, А.Островскийдің «Ұшынған ақша», М.Горькийдің «Күн перзенттері», Н.Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер», Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы», т.б. көптеген пьесаларды қазақ тіліне аударды, кітап қып шығарды, сахналарға қойғызды. Жазушы-драматург З.Қабдолов өзінің «Жалын» романы негізінде «Сөнбейтін от» атты пьеса жазып, ол Қазақтың академиялық драма театрында және облыстық театрларда қойылды.

Зерттеушілік, сыншылық, публицистік шеберлік үлгісін танытатын, мерзімді баспасөз бетінде жарияланған әдеби шығармалары мен ғылыми еңбектері «Адам» (1964), «Жанр сыры» (1964), «Сыр» (1975), «Жебе» (1977), «Әуезовтің әсемдік әлемі» (1986),

«Арна» (1988), «Көзқарас» (1996) атты кітаптарында жинақталып басылды. 1983 жылы таңдамалы шығармаларының екі томдығы оқырмандарын қуантты. Зейнолла Қабдолов публицистикалық шағын жанрларда да біршама қалам тербеген. Жазушының «Адам», «Сыр», «Жебе», «Арна», «Көзқарас» жинақтарына енген, екі томдық таңдамалысының екіншісіне кірген әңгіме-толғаныстары бар. Олардың түрін өзі эсселер деп белгілепті.

Эссе - латынның таразылау, ағылшынның, француздың очерк, мақала деген ұғымын білдіреді. Негізінде, эссе – көркем жанр. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді, еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылады. Эссе дегеніміз – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін, таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, рухани әлеміне азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Жалпы айтқанда, «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын көлемді әдеби шығарма» [4.475]. Жазушы З.Қабдоловтың эсселерін тақырыптарына қарай 1). Ауыл шаруашылығы және еңбек ерлері туралы; 2). Заман, адамзат, жеке тұлғалар туралы; 3). Әдебиет және қалам қайраткерлері тақырыбы туралы деп үш түрге бөліп қарастыруға болады. Қаламгердің әдебиет туралы эсселері қатарында «Тасқа тіл бітірген», «Ғұлама», «Ұлылық үлгілері», «Даңқты жазушы», «Мақтаныш», «Ғабиттің тілі», «Мүсірепов туралы сөз», «Тоқсанның толғауы», «Шолоховтан үйренейік», «Ұстаз», «Сезім мен сыр тұтқасында», «Тарлан талант», «Шоқ шашқан шабыт», «Әдебиет – ардың ісі»... т.б. қалам қайраткерлері туралы эсселерін атап көрсетеміз.

Жазушы З.Қабдолов өзінің ұзақ жылғы М.Әуезов туралы зерттеулер циклі бойынша «Менің Әуезовім» деген роман-эссесін жариялады. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовімі», оның өз сөзімен айтқанда, «Өзге емес өзінің, тек қана өзінше таныған, өзінше білген, өзінше бас иген» Әуезовінің көркем образы жасалғанын және жазушы оны ойдағыдай шебер жасағанын білеміз. «Менің Әуезовім» роман – эссені оқу үстінде ой салатын, ерекше тебіренетін терең мағыналы сөздерді шығарманың қай тұсынан да толассыз кездестіріп отырамыз. Мысалы: «Жазушының ең жақсы шығармасы – жазылмаған, яки жазатын шығармасы». «Кітапты оқушы ғана сынамайды, оқушыны сынайтын да кітап болады!». «Ұстаздық ету - өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау». «Әуезовтің әр лекциясы – бір-бір оқулық, бар лекциясы – ұланғайыр ұлы мектеп». «Адамдық негізі - әйел». «Халық – ана, талант – сол ананың перзенті». Осындай ойлы, құнды сөздерді тізіп жаза берсең, тауыса алмайтындайсың. Үлгілі, өнегелі сөздер сізді тартады да тұрады. «Менің Әуезовім» роман – эссесін З.Қабдолов маңызы ерекше толғаныстармен қорытындылайды: «Біріншіден, Әуезов құрғақ, сылдыр сөйлем құрамайды, ең әуелі өзі тебірене толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді; Екіншіден, Абай емес-ау, алдымен Әуезовтің өзі анық ақын, тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік дірілді сыршыл ақын; Үшіншіден, Әуезов – суретші, нағыз художник, қағазды, кітап парақтарын аспанға, жерге, құбылысқа, дүние-тіршілікке айналдырып жіберетін шебер; Төртіншіден, Әуезов – терең психолог, оқырманның жан-дүниесін сілкіп-сілкіп жіберетін күш». «Абай жолы» секілді ғасырлық туындыны тек осындай қабілет пен қасиеттің адамы ғана туғыза алады». Бұлар Әуезовті оқырманына таныта түсетін құдіретті сөздер деп танимыз.

Жазушы, ғалым, зерттеуші, сыншы, эссеист, публицист З.Қабдоловтың шығармашылығын төмендегідей кесте арқылы көрсетеміз:

Әдебиетші - ғалым	сыншы, публицист	жазушы, аудармашы
Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының қалыптасу, даму бағыты (1961) кандидаттық, «Қазақ әдебиетінің келелі теориялық мәселелері» (1970) тақырыбында диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы дәрежесін алды. «Шеберлік мектебі», «Сөз өнері» монографияларын жазды.	«Адам» (1964), «Жанр сыры» (1964), «Сыр» (1975), «Жебе» (1977), «Әуезовтің әсемдік әлемі» (1986), «Арна» (1988), «Көзқарас» (1996), «Таңдамалы шығармалар» (1983).	«Өмір ұшқыны» повесі (1956), оны толықтырып 1963 жылы «Жалын» романы(1963) деп, осы екі шығармасын біріктіріп, «Біз жанбасақ» дилогия (1974), «Менің Әуезовім» роман-эссесін (1997) жариялады. «Жалын» романы негізінде «Сөнбейтін от» атты пьеса жазды.
	«Тасқа тіл бітірген», «Ғұлама», «Ұлылық үлгілері», «Даңқты жазушы», «Мақтаньш», «Ғабиттің тілі», «Мүсірепов туралы сөз», «Токсанның толғауы», «Шолоховтан үйренейік», «Ұстаз», «Сезім мен сыр тұтқасында», «Тарлан талант», «Шоқ шашқан шабыт», «Әдебиет – ардың ісі» т.б. эсселері бар.	А.С.Пушкин, Н.Гоголь шығармаларын, Л.Кассиль «Қымбатты балаларым», В.Добровольский «Сұр шинелді үш жігіт», В.Закруткиннің «Судағы станица» романын, А.Островский «Ұшынған ақша», М.Горький «Күн перзенттері», Н.Хикмет «Елеусіз қалған есіл ер», Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы», т.б. қазақ тіліне аударды.

Зейнолла Қабдоловтың әдебиет саласындағы жазушы, ғалым, зерттеуші, сыншы, эссеист, публицист ретіндегі көп қырлы таланты ғалымдар, белгілі қаламгерлер т.б. зиялылар тарапынан жоғары бағаланған. Ақын Мұзафар Әлімбаев «Даналық дәрісі үзілмейді» деген мақаласында осы пішіндік жаңалыққа нұсқайды: «Академик – жазушы роман-эсседе біресе публицистикаға, біресе көркем проза дәстүріне, біресе ғылыми-зерттеме тәсіліне, енді бірде очерк-суреттеме оңтайлылығынан да бас тартпайды. Бәрі жарасымды, көңілге қонымды, ойлары өнімді, сөздері өмірлі», - дейді [5.336].

Жазушы Әбу Сәрсенбаев: «Бізді осы романның жазылу түрі де, автордың адам мінездерін даралаудағы әдістері де, динамикалық шымырлығы да қызықтырады. Тағы да ғажабы, қаламгер әдетте ауыр қозғалатын романистер емес, шалқымалы дастангерлер сияқты керекті тұста шұғыл жалтарыс жасап, оқиғаға өзі араласады да, кейіпкерлердің жан дүниесімен сырласады», - дейді [6.221б.]. Жазушы З.Қабдоловтың ерекшелігін танытатын деректердің бірі – оның сөз қолданысы. Жазушы шеберлігі көптеген роман-повесть зерттеушілердің назарын аударған еді. Солардың бірі қазақ әдебиетінің аса дарынды зерттеушісі Е.В.Лизунова болатын. Ол әуелі З.Қабдоловты қазақ көркем қара сөзін зерттеуде құнды үлес қосушылардың бірі, әрі шебер жазушы, біздің замандастарымызды сәтті бейнелеуші деп көрсетті [7.185б.].

Әдебиеттанудың іргелі саласының бірі - әдебиет теориясының ұлттық негіздегі алғашқы толғамдары А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» еңбектерінде бастау алып, өзінің тарих алдындағы алғы-шарттарға сай өсіп-өркендеу және жеке ғылым ретінде туу, қалыптасу дәуірлерін бастан өткеріп, 70-ші жылдардан бастап, даму жолындағы жаңа қадамдар жасауға бет алды. З.Қабдоловтың «Сөз өнері» оқулық монографиясы – ұлттық әдебиеттанудағы әдебиет теориясы саласын жеке ғылым

ретінде қалыптасып негізделуіне жол салған еңбек болды. Көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бұл турасында: «Қазақ жоғары мектебіне арналған әдебиет теориясының оқулығын шығару өмір талабынан туған өрелі міндетті», - деп жазған екен [8.262 б.].

Зейнолла Қабдолов өз эссе-толғаныстарында ұлы ғұламалардан бастап, қатардағы қарапайым зиялыларға дейінгі адамды ардақтап көрсетеді. Жазушы «Арыстан еді-ау Исатай!» эссе-толғанысында Исатайды үлкен күрескер, отаршыл орыс өкіметінің әділетсіздігімен белдескен батыр, ерлік-елдік жолындағы жорықтың қолбасы етіп суреттепті. Исатай көп батырдың бірі емес, оның тарихи тұлғасын «...анау Ахиллес, мынау Прометей тәрізді мәңгілік тұлға» деп бұрынғыдан да аспандатып, асқақтатып сипаттайды. Исатай бейнесі замандар жалғасып, жаңа ұрпақ тарих төріне жақындаған сайын биіктей бермек, жазушы соны меңзейді. З.Қабдоловтың «Феномен» эссе-толғанысы Халел Досмұхамедов туралы жазылған. Автор Халелдің ғұмырнамасына толық тоқталады. Халел жоғары деңгейдегі қоғам қайраткері, оның ғылыми қызметіне жоғары баға береді. Содан кейін ғана феномендік қасиетін ашады. «Мамандығы – дәрігер, ал керемет кең құлашына – адамдық, азаматтық, ғалымдық, ағартушы-ұстаздық, ойшылдық-қаламгерлік, онда да тіпті ақындық ауқымына қараңыз», - деп таңғалады, оның феномендік қасиетін ашады. Ғалымның өзі негізінен дәрігер бола тұра, қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм туралы жазған зерттеуі («Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» 1924 ж., Ташкент) қазірге дейін тіл білімі ғалымдарын тәнті етіп келеді. Ал орыс тілінде «Казахская народная литература и ее содержание» дейтін кітап бастыруы төл әдебиетімізді басқа халықтарға таныту ниетінен туған. Халелдің бұдан да басқа ғажайып еңбектерін жазушы тайға таңба басқандай етіп қызықтыра баяндайды. Эссені оқып отырып, Халел ел дегенде өзінің дүниеде бар екенін ұмытқан жан екен ғой деген ойда қаласыз [9.58б.]. «Тұлға» атты толғаныс-эсседен әр оқырман төгілген дастан ырғағына кенелгендей болады. Ол академик – заңгер, мемлекет қайраткері Салық Зимановқа арналыпты. Бұл эссе-толғаныстарында да суреткерлік шеберлік пен сөз зергері екендігін танытады. З.Қабдолов қай эссесін жазғанда да қаламгерлер келбетін аша түсетін өмірбаяндық мәнді эпизодтарды қиюластыруға шебер-ақ. Мысалы, Асқар Тоқмағамбетов туралы эссесінде ақын соғыс жылдары Атырауға барып, Доссор мұнайшыларымен кездесу жиындарында «Қара алтын» өндіруші еңбеккерлер алдында өзінің «Мұнай бер» дейтін атақты толғауын қалай оқып бергендігін келісті жеткізген екен.

Сабақ қорытындысында З. Қабдолов шығармашылығы бойынша сұрақтар беріледі:

1. Зейнолла Қабдоловтың әдебиет саласындағы негізгі зерттеу еңбектері?
2. Жазушы ретіндегі шығармалары, жанры?
3. Публицистика жанрындағы еңбектерін атап, ондағы көтерілген мәселелерге талдау жасау.
4. Романдарының тақырыбы, мазмұны, кейіпкерлері?
5. «Сөз өнері» еңбегіндегі мәселелер туралы талдау жаса!
6. Драматургия саласына қосқан пьесасы туралы айту.

Оқушылардың жауаптары бойынша З. Қабдолов шығармашылығына талдау жасалып, айтылған жауаптарды тұжырымдап, сабақты қорытындылаймыз. Мектепте Зейнолла Қабдолов шығармаларымен әдеби үйірме сабақтарында таныстырып, қазақ әдебиетін тек теориялық зерттеулерімен дамытып қана қоймай, өзінің жазушылық, суреткерлік шеберлігімен де оқырмандарын тәнті еткенін дәлелдеп айтамыз. Сонымен қатар, мектеп оқулықтарында берілетін әдеби теориялық ұғымдар ғалымның «Сөз өнері» атты зерттеу еңбегінде баяндалғанын айтып, оқушыларды әдеби көркемдеу ұғымдарымен таныстырамыз. Қаламгер ретінде Зейнолла Қабдолов - әрі жазушы, әрі ғалым. Ол бүкіл шығармашылық ғұмырында осы екі арнада жемісті еңбек етіп келді. Бірі - өн бойынан өнген сөз өнері сұлулығының өзі болса, бірі – сөз өнерін зерттейтін, зерделейтін, қисын тудыратын, оның болмысы мен бітімін саралайтын әділқазылық,

сыншылық. Жазушы – ғалым әдеби өнердің де, ғылыми танымның да шеберлік биігіне тел шықты. Әдебиет, ең алдымен, сөз өнері. Жазушы атаулының оқушы жүрегін баурап сиқырлы қасиеті сөз бояуынан басталар. Әр суреткердің жаныңды жадыратар құдірет-қуаты да – сөйлем-сөзінде, тіл ерекшелігінде. Бұл – жазушы стиліне апарар жол. Сондықтан Зейнолла Қабдоловты әдебиетті, сөз өнерін жете меңгеріп, оны дамыта түсуге ерекше үлес қосқан ғалым-әдебиетші маман деп білеміз. Мектептегі әдебиет сабақтары мен үйірме жұмыстарында З. Қабдолов шығармашылығын оқыту арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын оятып, әдебиеттің көркемдік әлемін тани білуге дайындап, әдеби-теориялық білімдерін дамытамыз.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.– Алматы, 2003. – 241 б.
2. Жүсіп Қ. Жазушы. Ғалым. Ұстаз: Академик З.Қабдолов шығармашылығының шырайы. – Алматы.: Арыс, 1997. – 324 б.
3. Мүтәлиева Р. Зейнолла Қабдоловтың жазушылық шеберлігі: Монография.– Алматы.: Өлке,1997. – 123 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Эссе // 10 том. – Алматы.: Ғылым, 1986. – 475 б.
5. Мұзафар Ә. Даналық дәрісі үзілмейді // Қазақ әдебиеті.-1997.-№ 14.-10 б.
6. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұтастар. – Алматы,1986. – 221 б.
7. Лизунова Е.В. Современный казахский роман. – Алма-Ата,1964. – 185-208 б.
8. Нұрпейісов Ә. Шығармалар жинағы. – Алматы,1982.- 4 том. – 262 б.
9. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар.- I том. – Алматы,1983. – 184 б.

УДК 373.5.016:821.09.

Профилизация как тенденция современного школьного ЛИТЕРАТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ в Украине

Яценко Т.А.

*Институт педагогики Национальной академии педагогических наук Украины
Мақалада білім беруді салаландыру жағдайында әдебиет пәнін оқытудың тәсілдері
және таңдамалы курстардың міндеттері айқындалған.*

The article determines special specifics of teaching. Literature in the functions of optional courses. Are determined in this article and by the auther

Кілт сөздер: жалпы білім беретін мектептер, салалы білім беру.

Key words: *comprehensive school, profile education.*

Одной из основных тенденцией развития современного школьного литературного образования в Украине является его ориентация на широкую дифференциацию, вариативность, многопрофильность, интеграцию общего и допрофессионального школьного образования. Следует заметить, этот подход последовательно реализуется в общеобразовательных учебных заведениях Украины с 2010/11 учебного года. Утвержденная в 2009 г. Концепция профильного образования в старшей школе [1] с ее последующей модернизацией в 2013 г. [2] предусматривают реальное и планомерное обновление старшей школы, что должно в наибольшей степени учитывать интересы, склонности, способности и возможности каждого учащегося в контексте социального и профессионального самоопределения и в соответствии требованиям современного рынка труда.

Перспективы модернизации системы среднего образования Украины в условиях профилизации широко представлены в трудах педагогов-дидактов Н. Бибик, В. Кизенко, Л. Липовой, А. Савченко, которые рассматривают профильное образование как одно из условий для дальнейшего профессионального самоопределения учащихся, формирования адекватного представления о своих интеллектуальных возможностях и творческих способностях [3]. Решению комплекса заданий филологического профильного образования способствуют программы литературных курсов за выбором «Художественная литература в контексте мировой культуры», «Украинская постмодерная литература», «Сонет в истории украинской и мировой литературы» [4], а также методическое обеспечение к ним [5], подготовленные научными сотрудниками лаборатории литературного образования Института педагогики НАПН Украины и рекомендованные Министерством образования и науки Украины.

Процесс преподавания литературы в профильной школе осуществляется:

- на уровне стандарта, который предусматривает обязательный минимум содержания учебного материала, предопределенном Государственным стандартом базового и полного общего среднего образования;
- на академическом уровне, который включает достаточный объем содержания учебного материала для дальнейшего изучения литературы в высших учебных заведениях;
- на уровне профильной подготовки, предусматривающей углубленное изучение литературы.

Определяя специфику школьного изучения литературы в условиях профилизации, заметим, что базовое литературное образование осуществляется во всех профилях и представляет инвариантную составляющую содержания образования, а профильное литературное образование предназначено для тех учащихся, которые избрали филологический профиль, предусматривающий углубленное изучение предмета. Цель изучения литературы в старших классах независимо от профиля – общая: формирование современного ученика-читателя, развитие культурной личности старшеклассника, способного воспринимать разные явления искусства и давать им собственную аргументированную оценку.

Для базового и профильного литературного образования характерны следующие концептуальные методические подходы:

1. Личностно-ориентированная модель литературного образования как приоритетная, что определяет не накопления определенных знаний из литературы, а их индивидуальное восприятие и осмысление.
2. Аналитическая работа над текстом литературного произведения как методически-оправданный вид учебной деятельности на уроке, что предусматривает преимущество разнообразных устных и письменных творческих заданий на выявление собственной индивидуальной оценки прочитанного, корректировку собственной оценки художественного произведения, умение вести дискуссию, делать аргументированные выводы.
3. Широкий культурологический контекст (живопись, графика, скульптура, музыка, театральное искусство, кинематограф), межпредметные связи («украинская литература», «мировая литература», интегрированный курс «литература (родная и мировая)») как условие целостного глубокого осмысления эстетической ценности произведений художественной литературы.
4. Интерактивные (диалоговые) формы и приемы работы (диспут, «мозговая атака», «пресс-клуб», работа в «аквариуме», написание синквейнов, создание разнообразных ассоциативных цепочек, рекламных проектов, составление портфолио и другие), как виды учебной деятельности, способствующие развитию критического мышления старшеклассников.

5. Использование информационно-коммуникационных технологий на уроке литературы как средства доступа к учебной информации, обеспечивающего возможности поиска, сбора и работы с источником, в том числе в сети Интернет, а также средство доставки и хранения информации. Использование ИКТ в учебном процессе позволяет повысить качество учебного материала и усилить образовательные эффекты.
6. Научно-исследовательская деятельности как творческий процесс совместной деятельности двух субъектов (учителя и ученика), результатом которой является интеллектуальный, творческий продукт, устанавливающий ту или иную истину в результате процедуры исследования. Содержание ученических исследований определяется их назначением, которое может иметь и исследовательский, и реферативный характер (подготовка рефератов, докладов и сообщений, научно-исследовательских работ, Intel-проектов, работа в системе Малой академии наук Украины).

Одним из путей дифференциации и индивидуализации обучения является внедрение в школьную практику литературных курсов по выбору, которые реализуются за счет вариативного компонента содержания литературного образования.

В Концепции профильного образования 2013 г. указывается, что курсы за выбором «входят в обязательную часть учебного плана. Курсы за выбором могут выбираться не только согласно избранному профилю, но и по собственному желанию ученика, который хочет углубить свои знания из определенных дисциплин. Количество часов на курсы за выбором, факультативы определяется заведением за счет дополнительных часов (5 часов на неделю). Выбор специальных курсов осуществляется учениками с учетом планов на дальнейшее профессиональное образование и возможностей учебного заведения» [2].

Литературные специальные курсы дополняют, углубляют (а не дублируют) содержание учебных предметов государственного образовательного компонента («украинская литература», «мировая литература», интегрированный курс «литература (родная и мировая)», «художественная культура»), который определяет специализацию филологического направления. Спецкурсы этого направления могут проводиться в классах, ориентированных на профиль украинской, иностранной филологии и историко-филологический профиль. Спецкурсы в профильных филологических классах избираются учениками из нескольких предложенных, после чего становятся обязательными для посещения. На занятиях литературного спецкурса, в отличие от факультатива, предусмотрено оценивание уровня учебных достижений учеников.

Кратко охарактеризуем специфику проведения занятия литературного спецкурса для учеников класса филологического профиля. На таком занятии методически целесообразно:

- широкое применение инновационных технологий обучения;
- повышение самостоятельной поисково-исследовательской деятельности учеников;
- развитие образного, литературно-критического мышления старшеклассников, которое обеспечит формирование их способности к глубокому анализу, интерпретации и критической оценке прочитанного художественного произведения;
- использование различных путей анализа и интерпретации художественного произведения (кроме традиционных, чаще применяются компаративный, структурно-стилевой, художественно-семантический и другие);
- широкая презентация литературоведческих понятий;
- углубленное изучение литературных эпох, направлений, стилей;
- культурологический подход к изучению литературно-художественных явлений;
- рациональное использование биографического подхода в процессе изучения художественного произведения;

- создание ученических проектов с мультимедийными презентациями, участие в литературных конференциях, «круглых столах», проведение научно-исследовательской работы в Малой академии наук;
- организация встреч старшеклассников с представителями филологических профессий с целью их профориентации.

На занятии литературного спецкурса оправданы такие методы, формы и приемы организации учебной деятельности учащихся:

- школьная лекция (проблемная, с элементами эвристической беседы и самостоятельной работы), которая приближается к лекции вузовского типа;
- семинарские занятия разного вида (дискуссия, диспут);
- самостоятельная аналитическая работа учеников над художественным произведением: анализ и интерпретация художественного произведения, ознакомление с литературно-критическими статьями, подготовка докладов, рефератов, учебных проектов с мультимедийными презентациями.

Факультативные курсы – учебные курсы, которые не входят в основную сетку часов и могут избираться учениками. Эти курсы направлены на дополнительное и углубленное изучение как определенных предметов, так и на получение знаний из смежных научных отраслей [2].

Литературные факультативные курсы – это учебный литературный материал определенного объема и структурно завершенного содержания, что по желанию учеников изучается в течение конкретного периода. Факультативы по литературе предлагаются не только ученикам классов филологического направления, но и общественно-гуманитарного, художественно-эстетического, естественно-математического, спортивного. В отличие от спецкурсов, содержание факультативов непосредственно не связано с общеобязательным учебным содержанием и избирается учеником для расширения его мировоззрения, ознакомления с новыми сферами знаний и человеческой деятельности. Факультативные занятия не подлежат обязательному оцениванию, однако уровень учебных достижений учеников оценивается как «зачтено» или «не зачтено» по результатам выполнения ими определенных видов работ (защищенный реферат, разработанный учебный проект и тому подобное). Практика доказывает, что факультативные занятия повышают самостоятельную познавательную активность учеников, углубляя знание, имеют исключительное значение для развития их научных и творческих способностей. А развитие факультативных курсов в системе углубленного изучения литературы должно обеспечить сознательный выбор профессии и лучшую подготовку старшеклассников к практической деятельности в разных сферах культурной жизни страны.

Таким образом, изучение литературы в условиях профильного образования способствует развитию читательской и коммуникативной компетентностей старшеклассников, их общей эрудиции и профессиональному самоопределению.

Литература

1. Osvita.ua/legislation/Ser_osv/4827 Приказ Министерства образования и науки Украины от 11 сентября 2009 года № 854 «Об утверждении новой редакции Концепции профильного образования в старшей школе».
2. www.mon.gov.ua/.../19485-zatverdgeeno-kont... Приказ Министерства образования и науки Украины от 21.10.2013 № 1456 «Об утверждении Концепции профильного образования в старшей школе».
3. Профильное образование: Теория и практика: Сб. научных трудов за материалами методологического семинара АПН Украины. К.: Пед. мысль, 2006.- С. 200.
4. Литературные курсы по выбору в условиях профильного образования: 10 (11) классы: сб. программ [Текст] / Т.О. Яценко и др. К.: Пед. мысль, 2011.- С. 88.

5. Теоретико-методические принципы изучения литературных курсов по выбору в профильной школе: монография / кол. авт. Яценко Т.О., Шевченко З.О. и др. К. Педагогична мысль, 2012. -С. 200.

УДК 82

Ж.НӘЖІМЕДЕНОВТІҢ КЕМЕЛ КЕЗЕҢІНДЕ ЖАЗҒАН ДАСТАНДАРЫ

Бекнияз Ж.А.

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

Статья посвящена социальным проблемам в произведениях Ж. Нажимединова. The article to Ssocial problems in Zhumeken Nazhimedenov^s works. Are examined in the article.

Ключевые слова: *глобальные проблемы, описания.*

Key words: *global problem, features of description.*

Лирикалық философиялық ой салмақтаумен көрінген Жұмекен енді пікір тереңдігін, өмір шындықтарынан туған қисынды шығармаға икемділік танытуын сүйікті шағармаларынан аңғарта бастады. Бұл белгілер әсіресе 80-інші жылдардың алғашқы үш жылында туған дастандарынан көрінді, «Ашық аспан», «Шуақ», «Қыран қия», «Менің топырағым» сияқты әрбірі қазақ поэзиясына ерекше құбылыс болып енген жинақтарындағы кең тынысты толғаулар мен монологтарында философиялық ойларға кеңейтіп, оқырманды көл-көсір пікірге бөледі. Сондай-ақ ұзақ толғауларды саты етіп, кезекті ғұмыр құпияларын ашуға арналған дастандар жазуға ұмтылды. Сөйтіп Жұмекен тағы бір жаңа қырынан жарқ етіп көрінді.

Жұмекен Нәжімеденовтің «Тамыр мен жапырағы», автордың айтуынша «табиғат дастаны» - символдық шығарма. Символ, яғни астарлау көркемсөз теориясының ежелден келе жатқан тәсілі. Оны талай классиктер өз еңбектерінде ұтымды пайдаланған. Орыс әдебиетінің алтын ғасырының өкілдері А.С.Пушкин, М.Лермонтовтан бастап қазіргі заман ақындарына дейін қолданып, қазақ әдебиеті де өзіне етелендірген. Сөзді құбылту, көркем шығарманың эстетикалық әсерін күшейту құралдарының бірі боп қызмет атқарып келеді. Поэма кіріспеден, жеті тараудан және қорытындыдан тұрады. Шығармада біртұтас тартылып жатқан ой тамыр мен жапырақтың, яки адамның бірлігі, бір-бірімен біте қайнасуы. Ағаш өмірі: жазғытұрым бүр жарады, көктейді, жайқалған жапырақ шашады, жемісін береді, күзде жапырақтар сарғаяды. Бұтақтарынан түседі, сөйтіп, қыс бойы ағаш дінгегі жалаңаш, жапырақсыз күйді бастан кешіреді. Келесі жылы осы процесс айнымай қайталай қайталанады. Ағаш дінгегінің ғұмырлы болуы, бұл тамыр мен жапырақтың табиғаты одақтастығының нәтижесі. Ақын «Табиғат дастаны» деп айдар таққан шығармасында осы үйлестілікті адам өміріне сәйкестендіреді де, жапырақ – адаммен, тамыр – халық өмірімен ғұмырлық философиялық ойлар туындатады.

Ақынның суретінде жапырақ пен тамырдың тағдырына араласып жүретін негізгі шешуші күш – үшінші бір бейне бар. Ол дауыл. Ия, табиғат дауылы заңды құбылыс. Ол жаратылыс перзенті теректің тамырының мықтылығын бір сынаса, оның жапырағының күшін екі сынады. Демек, ақынның астарлауынша халық пен әр адамның тағдырына дауылша араласып жүретін заман ағымы бар. Жапырақ, Тамыр, Дауылдың астарланған бейнелері - Халық, Адам, Заман. Табиғат дауылы қандай заңды болса, заман ағымы да сондай табиғи. Ақын философиясы мұндай құбылыссыз тіршілік болмайды, бұл өмір, болмыс заңы дейді. Сондықтан ақын: «Бірақ кейбір дауылдардың заңы әділ» деп тегін айтпаған. Және осы пікірін нықтай түсу үшін тағы да былай дейді:

«Әділдік те болар еді далмаса,
Анда-санда сілкініп, сілкініп алмаса!».

Дауыл іспетті заман ағымы халық пен адамның бірлігін, ынтымағын сынау арқылы сол мықтылықты шынықтыра түседі. Халық пен адамның бір – біріне деген сенімін, шынайылығын дәлелдейді.

Алайда табиғаттағы қарапайым заңдылық адам өміріне келгенде бұрмаланып жататынына ақын астарлау арқылы ой тоқтатады. Бірінші тарауда бір теректің құлап жатқанын былай бейнелейді:

Ерек апат келді-ау дедім бұған да,
Бір көк терек құлап жатты тыраңдап,
Бұтақтары жер сабады, шаң ұшты.

Осы жолдар былайша әрі жалғасады:

Қайран көкірек, намысшыл ғой, намысшыл,
Үміті бар үлкен мекемелерден
Жігіт еді ол өлермен,
Лауазымды биік қойған өнерден.

Ақынның нұсқағаны анық: терек бейнесінде берілген жігіт жоғары дәрежелі қызметке ұмтылса да қолынан іс келмейтін еді, себебі ол халқының мол тәжірибесінен, білімінен нәр алмаған, оның күшіне сенбеген адам, сондықтан әлгі құсап, бұтақтары жер сабап жатады. Тағдырдың дауылы соққанда құлауына басты себеп тамырының әлсіздігі, яғни халқымен байланысының жоқтығынан деп білмейді тоғышар жігіт, керісінше ұғымда болады. Автор оның өзін сөйлетеді.

Жебеушінің жоқтығы деп бір епті,
Әлгі жігіт мұның шағып жүдепті.

Шығарманың бұл тарауындағы жігіт – тіректің өз кемшілігінің неде екендігін терең ұғынбай, жебеушінің жоқтығынан деп пайымдауына ақын қатты ыза болады.

Екінші тарауда ақын Дауыл – замана мән бере сөйлейді. Табиғат дауылы, заман ағымы әр маусымға, әр кезеңге өзінше толғанып, өзінше қопара әрекет етеді. Әлсіздік пен мықтылық осы жерде сынға алынады. Дауылдан теректің әлсіз жапырақтары түскені сияқты қоғамды жайлаған әлсіздіктерден: әлсіз адамдардан, негізсіз істерден, шындығы жоқ заңдардан, тозған ғылыми тұжырымдардан тазартатын заманның дауылды ағымы деген автор идеясы анық. Қазіргі қоғамымыздағы өзгерістерге зер салайық, ондағы түбегейлі өзгерістер автор болжамының жүзеге асқандығын дәлелдей ме? Дастан 80-жылдардың басында жазылғандығын ескерсек, ақын көргендігінің куәгері боламыз. Заманның жойқын дауылы қозғалта алмаған бір алып бар. Ол халық. Ақын пайымдауынша, оның символы – тамыр:

Ал тамырлар өміршең ғой масқара,
Өсе алады тасқа да,
Мен де тасқа өскен жанмын,
Жасқама, маусым желі!

Сонымен бірге, тамыр топырақтан нәр алса, халық шындыққа суарылған.

Әу басында назардан тыс жаралған,
Шын мықтылық топырақтан нәр алған
Күре тамыр атайыншы мен сені.

Бұл жерде халық бейнесі шебер ашыла түскен. Бұл тараудағы автордың тағы бір көтерген мәселесі – қандай болмасын мықтылықтың сыртының жылтырлығымен, түр-түсімен, сәнімен бағаланбайтындығы. Адам баласын адастырған алданыш нәрсенің бірі осы дейді ақын. Ол Қайыр қарттың аузына сөз салып, Аяз биді сыртқы тұрпатына қарап, «адамның жаманы» деп бағалаған уәзірлердің бейшаралығындай кемістік біздің өмірімізде де орын алып отырғандығын астарлап келтірген. Ақын осы тәсіл арқылы «жемісті ағаш – ажарсыз ғой қашанда» шындықты айтады.

Сыбдырлардан сыр алам деп күттім кіл,

Жылтырлардан жылу күттім, күттім кіл.
Сыртың бітті, сылдыр тірлік, бітті үлгің,
Саған, саған сене алмаймын.

Аяз биге аналогиялай келе, ақын жалпы көз алдайтын жылтырақтар, сәншілдіктер адамзат баласын шындықтан аулақтататындығына, сөйтіп, негізгі тіршілік діңгектерінен ада қылатындығына көзімді аша түседі. Өсімдік тамыры топырақтан нәрленіп, мәуесін берсе, шындықтан суарылған, тамырланып бойына өз еркінен тың кеменгерлік дарытқан әрбір пенде, соның бірі – Аяз би. Бұл жердегі ақын дамытқан ой – ел басшысынан бастап, барлық істе де адам қабілетіне қарай лайықтауды насихат етеді, қоғамдағы табиғилыққа осылай жетелейді.

Дастанның үшінші тарауы екінші тараудың логикалық жалғасы, ақын поэтикалық ой өзегін әрі қарай дамыта түседі. Жүмекен адамның қоғамдағы өз орнын табу тақырыбына тереңдей енеді. Бұл өмірдегі шешуін таппай, іс басындағыларды талай адасуларға душар етіп жүрген осалдықтардың бірі деп біледі. Төмендегі поэтикалық бейнелер соны нұсқайды:

Жан етем деп тайғақтарды тағалап,
Жылтырлығы үшін тасты бағалап.
Бас бағалап құшақтарына қарап –
Ағаш танып жапырағына қарап,
Жүріп жатқан жайымыз бар жамағат.

Лауазымды аңсау, оған жан берер ұмтылыстар толастамайды, бұл әлі өшпеді, әлі де бола береді. Ақын осындай тұжырым жасай келе, сол «аңсаулар» мен «ұмтылыстардың» өзінің ұмтылған ісіне лайық па, жоқ па, оған бас қатырып жатпаған көзсіз құмарлыққа қынжылады. Сонымен бірге, табиғи дарындар, мақсатына ессіз берілгендердің елеусіз қалып, қолпаштамайтындық, бағаламайтындық сырын ашады. Бұл – түзеуін таппай жатқан басты кемшілігіміз деп мұңаяды. Дарындар тамыры мен топырағынан нәр алған жапырақтар мен діңгектер сияқты өз халқының қасиетін бойына дарытқандар. Олардың ұмтылысы өз құлқының, өз қара басын ойлаудан туған құлқынқұмарлық емес, көкірегі қалаған адам баласының тіршілігі үшін шексіз пайдасы мен мәні бар, адам ғұмырын көркейте түсу үшін мүмкіндігі бар іске құштарлық. Ақын мұны мына жолдарға астарлай сыйғызады:

Сол баяғы ғарыштарға ғашықтық,
Алыстарға асықтық
Армандарға асықтық.

Шынайы таланттардың халқын сүйген ерлердің, біртуарлардың арманы осындай. Мұндай армандар мен ғашықтықтардың лауазымы, атакқұмарлық дертімен ауырғандармен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, табиғаты бөлек екендігін ескертеді.

Поэманың төртінші тарауы планета қауіпсіздігін мәселе етеді. Ақын оқырман алдына бейнелі суреттер ұсынады. Планетаны алма ағашына балайды. Ол мәуелеген шақта дауыл соға көрмесін деп тілейді. Планетаға ендігі соғар дауыл осал емес. Ол – атом бомбаның апаты болмақ. Мұндай алапат қауіпті болдырмау жолында дана бастар ойланып, қызметтенсе деген пікір білдіреді. Оның тағдырына «құрсақтың қамын ойлап ындын сап жүргендер» араласпаса екен деп тілейді. Мұндай мәніс білмес құлқынқұмар жер тағдырына сонша жаны ауыра қоймайтындығын ескертеді. Сонымен қатар айнала қоршаған өмірде бірін-бірі тартатын заңдардан гөрі, бірін-бірі тебетін заңдар көбейген, соның салдарынан жер бетінде қаптаған қақтығыстар мен кереғарлықтар көп. Ақын ескертуі орынды:

Ей, тамырлар, тамырлар,
Топырағыңды бүріңкілеп ұсташы!

Тіршілікте қандай жақсылықтар болса, соның бәрі тек халық даналығының арқасы деген ой шығарма көтерген тақырыптардың бірі. Сол адам игілігіне жаралған жақсылықтарды бағалай, аялай білу керек. Басты игілік алмалар мен жүректер, екеуі де

табиғат сезімінің, қан сезімінің жемістері. Оларды ұстап тұрған шынайылық пен нәзіктік. «Екеуін де байқап ұста саусақтар!» деп ұрандайды ақын.

Жүмекен:

«Тек көп таратады – ау адал қан,
Адал қан да сол тамырдан жаралған», -

деген тұжырым жасайды. Бірақ жемістік қасиеті жоқ, жапырақ іспеттілер:

«Селтендейді желігіп,

Қанша күз боп құлағанша жер ұрып»

деп өзінің тағдыры неге байланысты екенін ұмытқандарды келеке етеді. Поэманың бұл тарауында Жүмекен тәжірибеден туындаған философиялық нақылдарды Қайыр қарттың лебізімен білдіреді. Мысалы:

Кімнің жүрегі адал болса,

Дүниеге сол тұтқа...

... ақ пиғылдан айла асқан

мына дәурен өтпес дейсіз қай бастан!

... кісі қорқар хан болып-ақ алыстан

кісілігін жоғалтпаған данышпан.

Ақын нақылдарының барлығын да басқару проблемасына байланыстырады. Бұл мәселеде тағы да Аяз бидің хан болуына байланысты оқиғаға жүгінеді. Ол ел басқарғандар дәрежесі асқаннан кейін, қарапайымдылықты елемей кететіндерге соққы береді. Оларға Аяз бидің асып-тасып кетпеуі үшін өзінің борышы мен жалба жыртық тымағын босағаға іліп қойған сияқты шыққан тегін ұмытпауды ұлағаттайды. Сөйтіп әрбір істің, ел басқаруы тұтқасын ұстағандардың өз тамырына, халқының қайнарына бас ие жүруді, құрметтеуді уағыздайды. Жер басып жүруіміздің, тамырымыздың халқымыздың арқасы екендігін мәңгі ұмытпай, шыққан тегіміздің қасиетін жоғары ұстау адамгершіліктің, қарапайымдылықтың белгісі, сондықтан әр адам өз тегін қасиеттеу керек деген идеясын дамыта түседі.

Дастанның бесінші тарауында тамыр тұлғасы жақсы ашылған. Ағаш тамыры әманда жердің астында көзге көрінбейді, ал шынында тамырсыз теректің ғұмыры бар ма? Ағаштар жемісті ағаштың гүліне, оның мәуесіне масаттанады. Оны көріп жүректерінде ерекше сезімдер пайда болады. Сөйте тұра осы ағашты соншама құлпыртып, көздің жауын алғандай ғажап тартымдылықты дарытып тұрған не нәрсе екеніне мән бере бермейді. Осылай бейнеленген астарлы ой өзегін адам өміріне көшірсек, ағаш жемісі мен жапырақтарындай бақытты, шатты үлбіреп өскен адамдар өз ортасынан өрбіген халқына мән бермей жатады. Ағаштың тамыры арқылы жайқалуын еске алсақ, адамның халқынан нәр алатындығы белгілі. Әр адам перзентінің әр қилы саналарымен көрінуі олардың шыққан тегінің кім екендігіне ой тоқтаттырады. Тектің ең жақын шекарасы әке болса, уақыт қойнауына тереңдеген сайын арғы жағында аталары, ең ақырында халық деген ұғым жатады.

Міне, символданған халық – тамырдың қимылы, тіршілікте халық – тамырға да сын бар. Мұны Қайыр қарт философиялық нақылмен ерек айтады:

Ғұмыр деген сандырақ,

Жапырағың өспесе егер жалбырап.

Табиғат заңы, тіршілік заңы сол тамыр

Халық пен жапырақ – ұрпақ бір–бірімен тығыз

Халық пен жапырақ –

Табиғат заңы, тіршілік заңы сол тамыр – халық пен жапырақ – ұрпақ бір – бірімен тығыз байланыста, бірінсіз –бірі жоқ. Егер тамыр – халықта, жапырақ –ұрпақ болмаса, ешбір табиғат сәні де, мәні де болмас, сөйтіп табиғат дәстүрі ілгері аяқ баспас еді. Ғұмыр, болмыс біржола өшер еді. Тамыр – халық, жапырақ – ұрпағымен қадірлі, Жапырақ – ұрпақ, тамыр – халқымен қадірлі. Қайыр осыған саяды. Мұны жақсы түсінген тамыр – халық:

«Жапырағымның арқасында мені тамыр атайды,
Топырағымның арқасында мені тамыр атайды», -
дей келе, өзінің тамыр – халық болуының мәнін ашады:

Кімнің десе – топырағымды атаймын,
желкілдеген жапырағымды атаймын!

Міне, тамыр – халықтың ұлылығы қайда?! Дастанның осы тарауында шындық проблемасы да көтеріледі. Өмірдің өзі шындықтан тұрады. Шындық – шынайы өміріміздің табиғаты. Шындықсыз өмір қалай алға ұласа алмаса, атқарған іс те көбіктей, мәнсіз бірдеңе болмақ. Адамның әрбір ісінің де, сөйлеген сөздің тегі – тамыры – шындық дейді ақын. Бұл мәселеде де әділ де қайсар Қайыр қартты араластырады:

Сұр бөстекке шөгіп алып сексен боп,
Қабағын сәл көтеретін қабарып;
«Тамырыңды көрсет!» дейтін қадарып,
Кетсе біреу әлдеқалай көп сөйлеп.

Қайыр данышпанның алдына талай адамдар сөйлеген сөздерінің тамырын көрсетіп барып, шындығына қандыратын екен.

Ақын біздің заманымызға да Қайыр сияқты өтіріктің бетін ашып, шынайылықты жария қып отыратын тез керектігін ұсынады. Әйтпейінше, дейді ақын философиясы, қазіргі алмағайып заманда ер қоянға айналып, көк есек тұлпардан озып, жолбарысты мысық талап, қабыланды түлкі қорқытып, қыранға саршұнақ шақылдап, өтірік шындықтан басым түсіп жатқанына қынжылады:

Бұл бұта – көк, бірі қурап солғанда –
Өзге түгел қарайтұғын болған ба?

Күннің көзі де айналаға алалап –
деп дастан тарауын мұңды түйіндейді, астарлы ойға тағы да бір кеңелтіп тастайды. Алтыншы тарауда табиғаттың қаймағы бұзылмай, сол атам заманғы қалпында жылма-жыл қайталанып келетіндігін, шынайы табиғат заңында еш өзгерістің жоқ екендігін айта келе, ал сол шынайылық, адам өмірінен аласталғаны, аяқ басқан сайын өтірік, қарынның тоқтығы ой тұтқындап, шын шешендердің тілі байланды. Шындық жоқтығының ең сорақы трагедиялық түрін ақын жиіркенішпен еске салады:

Кейде табиғатпен де күліп қоштастық,
Жер бауырлап жатып жылау орнына.

Өтіріктің тіршілігіміздің барлық саласында да белең алып тұтқындаған басты өмір проблемасы деп түсіндіреді. Өтірікпен ғана өмір сүріп отырғанымызды көрсетіп, жанарымызды қаптаған шелден сыпырғандай қылып айтады.

Жетінші тарау – дастанның түйінді бөлігі. Ақын алдыңғы тарауларда айтылғандарға қорытынды жасайды, астарлап көрсеткен жапырақтар, бұтақтар, тамырлар бір елдің, яки халықтың тағдырына баламаланып көрсетіледі. Үлкен елдің бір ғана бөлшегі құмды даладағы ауылға, малына құм, боранына қосыла шабуыл жасаған қасқырды кішкене зат етеді. Жыртқыштардан қорғанудың дәстүрлі тәсілі болатын – қора жанына қарақшылар – «қасқыр тұлыптар» ілініп қойылатын, сөйтіп жан сақталатын еді.

Ал елге шабуыл жасаған «қасқырлардың» кейпі басқаша. Оларды өз тұлыптарымен үркіту, не қорқыту мүмкін емес. Ол жойқын күш болатын.

Ақын Жұмекен күретамыр халықтың ролін дастан тарауында айқындай түседі. Оның ұлылығын мақтаныш етеді, оның еш уақыт өлмейтінін, құдды жылма-жыл күз дауылында жапырағынан айырылған терек іспетті, халық та әр заман дауылы соққан сайын ұлылар мен батырларынан, бетке шығар қаймақтарынан айырылып барып, оларды қайта дүниеге келтіретінін, оның өшпес қасиетін паш етеді.

Әдебиеттер

1. Юсупов Қ.Ж. Нәжімеденовтің ақындығы. - Алматы.:Ғылым,1995.- 108 б.
2. Қайырбеков Ә. Сурет пен сезім сырлары // Қазақ әдебиеті.- 1993.-№11. -19б.
3. Юсупов Қ.Ж. Нәжімеденовтің ақындығы. - Алматы.:Ғылым,1995 ж.-102 б.

**ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ**

УДК 94(574)

**ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ ОСНОВА ОБРАЗОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
У ОГУЗСКИХ ПЛЕМЕН**

Жумагамбетов Т.С., Сундетова А.Н.

*Актыобинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени М.Оспанова*

Мақалада тәңірге сену негізінде Оғыз конфедерациясының құрылуы қарастырылады. Сонымен қатар тәңірге сенудің дүниетаным мәдениеті мен философиялық қарым-қатынасы беріледі.

In the article formation of Oguz of confederation is examined on a base tengriation. The analysis of tengriation is also given as a world view culture and philosophical mutual relations.

Кілт сөздер: оғыз конфедерациясы, тәңірге сену, сиқырлық, эрклиг.

Key words: oguz confederation, tengriation, mystics, erklig.

Начало 9 века является важной вехой в объединении огузской конфедерации и в дальнейшем образовании державы ябгу.

Этнический состав огузских кочевых объединений отличается большой разнородностью и пестротой. В них входили этнические группы, племена и роды различного происхождения: асов, алан и других степных племен. Кроме того, в составе огузов находились остатки разбитых печенежских племен, по видимому наиболее слабая в экономическом плане их часть [1.194].

Тот факт, что они, как правило, находятся на уровне древней дневной поверхности, заваленными с внутренней стороны ограды камнями насыпи кургана, свидетельствует, возможно, об их полифункциональном значении: практическом и символическом (семантическом). Во-первых, она определяла первоначально границы погребального сооружения. Во-вторых, удерживала от расползания каменную насыпь. В то же время значение ограды как символа однозначно: она отгораживала территорию, недоступную для живого мира, отграничивала внутреннее и внешнее, свое и чужое.

В период существования пазырыкской культуры ранних кочевников наблюдаются значительные изменения в социальной организации местного населения – появление грандиозных погребальных сооружений. Одним из признаков таких памятников является исключительное планиграфическое и топографическое положение кургана, что отражало привилегированность погребенных в нем людей. Курган №11 выделяется как своей обособленностью в структуре могильника Берель, так и природными условиями самой долины: высокогорье, лучшие пастбища и т.д.

Важнейшим показателем социального статуса всадника является конь, точнее их количество. Большое количество лошадей – главный критерий в определении высокого социального статуса погребенных. Поэтому больше всего коней находилось в “царских” курганах пазырыкского времени, в погребениях рядовых представителей общества было

по одной-две, реже - по три лошади. Среди других признаков “царских” (элитарных) погребений на основе анализа погребального обряда выделяются: большие размеры насыпей (более 18 м), сложные внутримогильные конструкции, наличие конских захоронений (7-22 лошадей), верховые кони, относительное богатство погребального инвентаря [3, стр.112], а также сложными поминальными сооружениями рядом с курганом. Всего Суразаков А.С. выделяет на основе анализа погребального обряда четыре слоя пазырыкского общества: рядовые кочевники, родовая аристократия, племенная аристократия, вожди племен. Большинство из названных признаков наблюдается в кургане № 11 мог. Берель. Это позволяет предположить, что погребенные в нем люди соответствовали статусу вождя или племенной аристократии. Обоснованность предварительного выделения пяти политарных центров в пазырыкскую эпоху – в том числе Бухтарминской группы вокруг кургана Берель (раскопки В.В.Радлова, С.С.Сорокина), - подтверждается последними исследованиями на этом могильнике [2, стр. 34].

Сооружение в пазырыкскую эпоху грандиозных курганов в Горном Алтае возможно, означает, что эта территория являлась священной для скифо-сакских племен региона.

Сюжеты и образы, присутствующие на предметах из кургана №11, в целом обычны для алтайского варианта скифского звериного стиля: грифоны, сцены терзания козла кошачьим хищником, муфлоны, лоси и др. Однако наряду с чертами, характерными для образцов алтайского искусства, они имеют детали, не прослеживаемые пока в предметах искусства пазырыкской культуры. Особенно выделяется деревянная скульптура грифона, представляющая собой часть маски лошади (вместе с деревянными рогами горного козла в натуральную величину). Скульптура грифона с телом кошачьего хищника имеет голову орла с мощным, загнутым клювом, ротовая щель – дуговидной формы. Большие выступающие вперед глаза – округлой формы, обедены рельефным валиком. От глаз до нижней челюсти проходит рельефный “воротничок”, образованный лепестковыми выступами. Массивная шея снабжена ровным гребнем с рельефными бороздками. Вставные уши имеют листовидную форму. Кожаные рога вытянуты назад над шейей, имеют закругленные вверх концы. Они, вероятно, как и вся скульптура, были покрыты некогда листовым золотом. На туловище грифона сохранились пазы для крепления крыльев (возможно, кожаных). Ноги снабжены рельефно проработанными мягкими лапами. Полных аналогов этому изображению пока неизвестно. Такие детали в изображении грифона, как ровный, как бы подстриженный гребень; “воротничок” – более свойственны для искусства Передней и Средней Азии. Чуть приоткрытый клюв и отсутствие хохолка – типично местного, алтайского признака – позволяют отнести это изображение ко 2 группе (по Л.Л.Барковой), включающей изображения эклектичные, сочетающие элементы передневозосточного искусства и алтайского звериного стиля [1, стр.13-28].

Если культурная принадлежность исследуемых памятников определяется с большей долей вероятности как “пазырыкская”, то этническая атрибуция их остается открытой. Нет единодушия в точной локализации в пределах Алтайского субрегиона и прилегающих к нему территориях легендарных аримаспов, “стерегущих золото грифов” и др. возможных создателей названной культуры. Оставляя разработку и других актуальных проблем на ближайшее будущее, укажем на некоторые любопытные типологические параллели известным легендам Аристея, сына Каистробия из Проконнеса в китайских письменных источниках.

В книге “Му тянь цзэ чжуань” (“Жизнеописание Му тянь цзэ”), найденной в 280 г. до н.э., имеются сведения о легендарном путешествии царствующей персоны Чжоу Му Вана на северо-запад от своих владений: он, перевалив через хребет Куньлунь (это, по утверждению китайских ученых, первоначальное название Алтайских гор, впоследствии перенесенное в другой регион), далее следуя вдоль реки “Хэй Шуй” (“Черная река”),

попадает в окрестности загадочного “райского” озера (“Яо Чи”), где увидит поразившие его облака перьев и бесчисленные стаи птиц [6, стр.8].

Если принять предположение Геродота о том, что образное название скифами снежных хлопьев в странах, где живут их северные соседи – легендарные аримаспы, “стерегущие золото грифы” и др. алтайские племена, - порождено, как он сам признает, слухами о продолжительной зиме и сильных снегопадах, то можно допустить, что рассказы информаторов о реально увиденном в этих странах (в данном случае – парящие в воздухе подобно снежным хлопьям перья, стая птиц вокруг водоемов) могли восприниматься античными авторами, в силу специфики сложившегося стереотипа о северных “варварах” (о землях, нравах, внешнем облике и т.д.) – неадекватно, искаженно.

Другой китайский источник IV-III вв. до н.э. “Шанхайцзинь” рассказывает о северной стране одноглазых – “Иму го” (И-один, Му-глаз, Го-государство), что типологически вполне согласуется с рассказом Аристея об аримаспах.

Таким образом, отмеченные греко-китайские мифологические параллели могут оказаться вовсе не случайными, а иметь единую основу происхождения.

Важен еще один момент. Некоторые китайские исследователи, видимо не без основания идентифицируют содержащуюся в книге “Му тянь цзе Чжуань” географическую номенклатуру – “Куньлунь”, “Яо Чи”, “Хэй Шуй”, соответственно, горами Алтай, озером Зайсан и рекой Черный Иртыш [5, стр. 13], хотя на отождествление двух последних названий могут претендовать, с меньшей долей вероятности, озеро Маркаколь и река Уранхай.

Названиям “Куньлунь”, как считают, с эпохи Хань стали определять другую горную цепь – жнее Хотана (современный Куньлунь), с богатейшим в мире месторождением нефрита. Это связано с перенесением сюда центра добычи и обработки этого полудрагоценного минерала и установлением на него монополии императорского двора.

С нефритом (китайское название Юй ши) связаны посредническая торговля скифов [5, стр.17], название Кульлуна и, главное – этноним “юэ чжи”. С.И.Руденко считал этноним “юэчжи” собирательным китайским именем алтайских кочевных племен середины I тыс. до н.э. [6, стр.176]. У китайских ученых нет единого мнения относительно точной локализации юечжи, особенно ранних; многие из них считают, что китайцам была известна лишь восточная ветвь юечжи, а их основная масса обитала в регионах Алтая, Восточного Тянь-Шаня и Восточной Джунгарии

Вполне возможно, что “юечжи” (или их часть), равно как и “стерегущие золото грифы” имели непосредственное отношение к созданию наиболее яркого и во многом еще загадочного культурного феномена Алтая – пазырыкской культуре. Не исключено, что это один и тот же этнический массив, названный в античных и китайских литературных традициях по-разному.

Большинство известных ученых-лингвистов (О.Менхен-Хельфен, Э.Пуллилэнк, Сиратори Куракити, Д.Синор, Линь Мэйцунь и другие) считают, что юечжи говорили на одном из диалектов тохарского языка. Линь Мэйцунь подчеркивает близость этимологии слов лун (дракон), божество в диалектах древнетохарского языка с этнонимом юечжи по фонетике древнекитайского, означающего также лун. Открытые в последние годы в Синьцзяне мумифицированные останки по мнению многих специалистов принадлежат юечжам/тохарам, говорившим на древнетохарском языке [6, стр.77].

Пространственно-ландшафтные условия и микротопографическая структура планировки курганных групп и цепочек, усложненная конструкция доминирующих объектов и система примыкающих к ним внекурганных сооружений, богатство и роскошь положенных в могилу вещей, и в ряде случаев – создание искусственной мерзлоты (?) в яме в целях сохранения нетленным тела умершего и др. свидетельствует в пользу того, что Берельский могильник являлся своеобразным святилищем, местом

погребения знати и вождей какого-то субэтноса, возможно входившего в конфедерацию племен, создавших яркий, загадочный феномен Алтая – пазырыкскую культуру [5, стр.92].

Литература

1. Баркова Л.Л. Образ орлиноголового грифона в искусстве древнего Алтая (по материалам Больших Алтайских курганов) //АСГЭ, 1987. -С.5-29.
- 2.Васютин С.А. Проблемы изучения социальной организации кочевников скифского времени Горного Алтая по материалам погребений.//Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. - Барнаул, 1999. -С.31-35.
- 3.Деревянко А.П., Молодин В.И., Савинов Д.Г. и др. Древние культуры Бертекской долины (Горный Алтай, плоскогорье Укок). - Новосибирск, 1994.
- 4.Кочеев В.А. Средний слой пазырыкского общества. //Социально-экономические структуры древних обществ Западной Сибири. Материалы Всероссийской научной конференции. - Барнаул, 1997. -С.112-114.
- 5.Полосьмак Н.В. “Стерегищие золото грифы”. – Новосибирск.: Наука, 1994.
- 6.Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. - М.-Л., 1960.

УДК 950 457

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ

Аман Ә.Б., Жұманазар Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы историографии культурных отношений Казахстана в советский период.

This article describes the problems of historiography, cultural relations of Kazakhstan in the soviet period.

Ключевые слова: *историография, культурные связи, научно-технические связи, литературное сотрудничество, зарубежные страны.*

Key words: *historiography, cultural tie, scientific and technical communication, literary collaboration, foreign countries.*

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі «қырғи-қабак» соғыс жағдайында КСРО-ның шетелдермен байланыстары аясында Қазақстанның да сыртқы қарым-қатынастары дамыды. Республика негізінен шетелдермен мәдени, гуманитарлық және экономикалық салалар бойынша байланыстар орнатты. Сондай-ақ республиканың шетелдермен байланыстары мәселелеріне арнап еңбектер де жарық көрді. Қазақстанның соғыстан кейінгі уақыттағы шетелдермен мәдени байланыстарының тарихына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, ғылыми-көпшілік сипаттағы да көптеген еңбектер жазылды. Бұл кәсіби тарихшылардың, мекеме қызметкерлерінің, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің, журналистердің, т.б. зерттеу объектісіне айналды. Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстарының дамуына, оның тарихына қатысты қазақтың шетелдермен достық және мәдени байланыс қоғамының қызметкерлері өз еңбектерін арнады. Бұлар негізінен алғанда көпшілікке арналған, баяндамалар, естеліктер, хабарламалар түрінде болып келді. Бұл ретте Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстары тарихының шежірешісі ретінде Р.Шамжанованың еңбектерін атауға болады. Қазақтың шетелдермен мәдени байланыс және достық қоғамын ұзақ жылдар

басқарған, қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым Р.Шамжанова осы мәселеге қатысты бірқатар ғылыми, ғылыми-көпшілік мазмұндағы еңбектер жазды. Автордың 1963 жылы «Қазақ мемлекеттік баспасынан» жарық көрген орыс тіліндегі «Живительный источник» еңбегі аталмыш мәселеге арналған. Еңбекте республиканың өнер, мәдениет, кино, әдебиет, ғылыми салаларындағы шетелдермен байланыстары сипатталады. Автор әдеби байланыстар аясының ұлғайғандығын, оның ішінде шетел әдебиетін аудару ісінің жетістіктерін кеңінен баяндайды. «Қазір қазақ тілінде Р.Тагордың таңдамалы шығармаларының үш томдығы жарыққа шығып, бес томдығы дайындалуда, Х.А.Аббастың «Үнді ұлы» кітабы, кеңес адамдарының шынайы досы және үнді әдебиетіндегі реализмнің негізін салушылардың бірі Прем Чанданың әңгімелерінің жинағы, қазіргі үнді жазушыларының әңгімелері, үнді ертегілері және басқа көптеген шығармалар аударылды. Сонымен бірге қазақ оқырмандарының қолына араб ертегісі «Мың бір түн» тисе, қазіргі таңда қазақ халқы басқа да халықтардың мәдениетімен таныса бастады. Енді қазақтар өз тілінде Т.Драйзердің және В.Шекспирдің, Р.Роллан мен Б.Шоудың, В.Гюгомен О.Бальзактың, М.Сервантес пен Д.Свифтың және басқалардың кітаптарын оқуда», - деп жазады [1.31-32 бб.]

Кеңестік кезеңде Қазақстанның мәдени байланыстары тек республиканың мәдениет, өнер, экономика, ғылым салаларындағы социалистік құрылысты орнатудағы жетістіктерді насихаттауды қатар жүргізгені белгілі. Көптеген көрмелер, әдеби, мәдени байланыстардың мазмұны кеңес елінің жетістіктерін сипаттады. Р.Шамжанова өз еңбектерінде шетелдіктердің социалистік мәдениеттің империализммен күрестегі рөліне баға беріледі.

Р.Шамжанованың 1966 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген орыс тіліндегі «Наш девиз - дружба» атты еңбегі республиканың соғыстан кейінгі уақыттағы ғылым мен мәдени байланыстарының барысын кеңінен баяндайды. Ғылыми байланыстар жөнінде баяндай келе: «Францияның ғалымдары Қазақстандағы ғылымның дамуын басты назарда ұстауда. Соңғы «Палинология» библиографиялық жинағына қазақ мемлекеттік университетінің доценті Р.Абузарованың еңбегі енген», - деп жазады. Қазақ әдебиетінің қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ шығыс халықтарының тұрмысы мен өмірінен жағымды мәдениет беретіндігі туралы айта келе, «М.Әуезовтың «Абай» романымен танысуым кеңестің шығыс туралы бұрынғы жалған көзқарасымды толығымен күйретті» деген бельгиялық ақын И.Гассельдің пікірін келтіреді [2. 88 б.].

1957 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан «Слово зарубежных друзей о Советском Казахстане» атты мақалалар жинағы жарық көрді. Еңбекте Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыс және достық қоғамының сол кездегі төрағасы М.Жанғалиннің «Қазақ республикасының шетелдік мәдени байланыстары» атты мақаласында республиканың Қытай, Корея, Үндістан секілді елдермен арадағы мәдениет, өнер, әдебиет салаларындағы байланыстар сөз болады. «Қазақ халқы қытай жазушылары мен ақындарының кітаптарына үлкен қызығушылық білдіруде. Республика баспалары соңғы уақытта қазақ тілінде Лу Синнің «Үш жауынгер», «Таң алда», Дин Линнің «Санган өзені үстіндегі күн» повесін, Чжао Шу-ли т.б. әңгілерін жарыққа шығарды. Осы кезекте біздің қытайлық достарымыз қазақ әдебиетінің дамуына баса назар аударуда. Қытайда қазақтың ұлы ақыны Жамбылдың өлеңдері, жазушылар М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин т.б. шығармалары жарық көрді», - деп жазады [3. 20 б.].

Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстарына арналған осындай мазмұндағы еңбектің жалғасы 1973 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан еңбекті атауға болады. Еңбекте мәдениет, өнер, әдебиет, туризм салаларындағы байланыстар, халықаралық көрмелер, конференциялардың Қазақстан және басқа одақтас елдердің социализмді құрудағы қол жеткізген табыстарын шетелдерде насихаттаудағы рөлі жоғары бағаланады. Сонымен бірге еңбекте республиканың КСРО-ның сыртқы байланыстары шеңберінде капиталистік (батыс елдері) елдермен арадағы байланыстар туралы да сөз болады. Автор «Швеция-КСРО» одағы және «Финляндия-Кеңес Одағы» қоғамы байланыстарының

шеңберіндегі Қазақстанның шетелдермен ынтымақтастығын баяндайды. Сонымен бірге Болгария, Венгрия, Финляндия, Швеция елдерінің мерзімді басылым беттеріндегі Қазақстан мәдениетінің мәдени жетістіктері жөніндегі мақалалар топтамасы кеңінен берілген [4].

Республиканың шетелдермен достық және мәдени байланыстар қоғамының бастамасымен 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан И.Омаров пен Ю.Зенюктың «Қазақстан» атты кітабы да республиканың шетелдермен экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық байланыстарын сөз етеді. Авторлар республиканың дүниежүзі мемлекеттерінің жекелеген проблемаларға қатысты түрлі конференциялардың, семинарлар мен симпозиумдардың ұйымдастырушысына айналғандығын көрсетеді. Бұл туралы: «Мысалы, 1969 жылы Алматыда жануарлардың паразитті аурулары мәселелері бойынша Азия елдерінің ІҮ халықаралық конференциясы өткізілді. 1964 жылы көктемде республика астанасында БҰҰ-ның ұйымдастыруымен Қазақстанның шөлейтті және жартылай шөлейтті жайылымдарын игеру тәжірибесін оқу бойынша семинар өтті. Семинарға қатысушы АҚШ, Аргентина, Израил, Иран мен Ауғанстанның ауыл шаруашылығы мамандары, республиканың ғалымдары кеңінен әңгімелеген қазақстандық тәжірибені меңгерді. 1966 жылы күзде Қазақстанда Халықаралық еңбек ұйымының ұйымдастыруымен Азия мен Африканың 16 елінің өкілдері қатысқан көшпелі халықты отырықшылыққа көшірудің мәселелері бойынша аймақаралық семинарға қатысты», - деп жазады [5. 125-126 бб.]. Қазақстан жөнінде шетелдіктердің ой-пікірлері Ж.Қалиевтің «Қазақстан шетелдіктердің көзімен» атты еңбегінде берілген. Шетелдермен ғылыми-техникалық, маман дайындау салаларындағы байланыстар жөнінде айта келіп, әдебиет саласындағы байланыстар жөнінде түрік жазушысы Эрдал Өздің пікірін де келтіреді. Түрік жазушысы «Казахстанская правда» газетінің тілшісіне берген сұхбатында екі жақты мәдени байланыстағы қиыншылықтар мен идеологиялық кедергілердің орын алғандығын, алайда бауырлас халықтардың мәдени ынтымақтастыққа деген ынталарының зор екендігін білдіреді. Эрдал Өз: «Сіздің республикаңызға сапар шегуді мен кездейсоқ ойлаған емеспін. Отанымдағы өзім үшін ауыр күндерде мен Тахауи Ахтановтың «Боран» романымен таныстым. Бұл шығарма маған зор әсер қалдырды да менің Тахауи туған жерде болғым келді. Мен қателеспеген екенмін. Сіздердің әдебиеттеріңіздің Түркияда кеңінен белгілі екендігін көрсететін бір жағдай-көптеген бөгеттерге қарамастан қазірдің өзінде сіздердің жерлестеріңіз - О.Сүлейменовтың, Ә.Әлімжановтың, Ә.Нұрпейісовтың, Қ.Мұхамеджановтың және басқалардың шығармаларын басып шығаруға әзірлік жүргізілуде. Бұлардың бәрін түріктің тіл білімі қоғамы мен «Джем» баспасы шығаратын болды. Менің сіздерге келуімнің өзі жаңа таныстықтың, шынайы достықтың бастамасы, жаңа өмірді көргеннен кейінгі қайталанбас әсер үстіндемін. Менің сіздердің ғажайып гүлденген республикаларыңыздағы сияқты рухани игіліктердің өз елімде жоғары қастерленіп, молая түсуін қалаймын», - деген болатын [6. 28 б.].

Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстары көпшілікке арналған анықтамалық еңбектерде де көтерілгені белгілі. Солардың қатарында 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақ Кеңестік социалистік республикасы» атты еңбекті жатқызуға болады. Еңбекте республикаға батыс елдерінен келген шетелдік туристер және олардың Қазақстан жөніндегі, қол жеткізген табыстарына қатысты пікірлерін кеңінен келтірген. «Қазақстанға келуші шетелдіктердің саны жылдан жылға ұлғаюда. 1961 жылы республика астанасына әлемнің 37 елінен 640 шетелдік қабылданса, 1964 жылы Алматы ГДР-дің бір өзінен 11 туристік топты қабылдады, - дей келе кеңестік идеологияға сай Қазақстанның шаруашылық және мәдени дамуындағы Қазақ төңкерісінің зор маңызы жөнінде мынадай мәліметтер келтіреді, — барлық шетелдіктерге республиканың шаруашылық және мәдени құрылыстарындағы табыстарымен танысуға мүмкіндік беріліп, шетелдік қонақтар республикадан зор әсер алды. Мысалы, итальяндық турист, профессор-этнограф Скарча 40 жыл бұрын жаппай сауатсыз көшпелі тайпа болған халықтың енді өзінің Ғылым Академиясы, мемлекеттік университеті, ондаған жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу

институттары, мындаған мектебі бар қазақ халқының прогресіне таңғалғандығын мәлімдеді. Астаналық өмірмен және оның қонақжайлығымен танысқан соң, американдық заңгер Р.Тукро: Турасын айту керек, 1917 жылғы төңкеріс қазақ халқына сауаттылық, жер өңдеу, отырықшылық өмір ғана әкелген жоқ, ол оның тарихындағы прогреске, гүлдену мен мәдениетке бетбұрыс болып табылды» [7. 28-29 бб.].

Дәл осы сипаттағы келесі еңбекте халықаралық байланыстарға арнайы тоқталған. Еңбекте Қазақстанның Кеңес Одағының шетелдермен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени алмасуларына белсенді қатысқандығы. Қазақстанның өнеркәсібі әлемнің 82 еліне 300-ден астам өнімнің түрін экспорттайтындығы, әлемнің 97 елімен мәдени, 70 елімен ғылыми-техникалық байланыстар жасайтындығы көрсетілген [8. 25б.].

Н.Ш.Дулатовтың «Внешнеэкономические связи Казахстана с зарубежными странами» атты еңбегі Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарының аясындағы ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарына да орын берген. Еңбектің Қазақстанның халықаралық ғылыми-техникалық алмасуларға қатысуы атты бөлімінде халықаралық ғылыми-техникалық байланыстарда халықаралық жәрмеңкелер мен көрмелер сияқты дәстүрлі формаларының маңызы жоғары екендігі. Сондай-ақ жәрмеңкелер мен көрмелердің экономикалық ғана емес, сонымен бірге қоғамдық-саяси мәнінің жоғары екендігі де айтылады. Себебі, 1967 жылдан бастап шағын көрмемен, 1970 жылдан бастап жыл сайын Кеңес Одағы экспозициясының құрамында кеңейтілген бөлімі бар халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатыса бастауы, бөлім экспозициясының Қазақстанның мысалындағы лениндік ұлт саясатының өмірге енгізілуін, республиканың экономика, ғылым, техника, мәдениет, халықтың әл-ауқатының өсуіндегі жетістіктерін көрсете алатындығын сипаттайды [9; 18-19 бб.]. Автор социалистік өмірді, Қазақстанның экономикалық, мәдени дамудағы табыстарын шетелдерде насихаттауда қазақтың шетелдермен достық және мәдени байланыс қоғамының рөліне баға береді. Қазақ қоғамының шетелдерде Қазақстанның мысалында Кеңес Одағының күндерін ұйымдастырғанын. Қазақстанның өнер, мәдениет және ғылымның көптеген өкілдері қатысқан Қазақстанның АҚШ-тағы күнінің үлкен табыспен өткізілгенін мәлімдейді [сонда, 23 б.].

Қазақстанның бұл кезеңдегі шетелдермен мәдени байланыстарының тарихына арналған бірқатар диссертациялық жұмыстарды да атауға болады. Зерттеулер негізінен республиканың жекелеген елдерімен арадағы әр жылдардағы мәдени, ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстарына арналған. Сондай-ақ еңбектерге тән ортақ сипат кеңестік әдістемеге сай, республиканың, одақтың мәдени, ғылыми-техникалық және экономикалық дамудағы жетістіктерін шетелдерде насихаттауға арнала отырып, осы жолдағы коммунистік партия мен үкіметтің рөлі баса көрсетіледі.

Атап айтқанда, зерттеуші Л.В.Гойконың еңбегі 1944-1967 жылдардағы Қазақстанның Поляк Халық Республикасымен арадағы экономикалық және мәдени байланыстарының тарихына арналған. Автор зерттеу жұмысының басты міндеті ретінде кеңес-поляк ынтымақтастығының дамуы шеңберіндегі Польшаның Қазақстанмен өзара достық байланыстарының қалыптасуын зерттеу алынған. Сондай-ақ аталмыш проблеманы зерттеу тарих ғылымында ғана емес, сонымен бірге социалистік елдердің, интернационалдық ынтымақтастықтың дамуының өзекті міндеттерін практикалық тұрғыда шешуде де маңызы зор, - дей келе, - Қазақстан-поляк достық байланыстарының орнауын социалистік ынтымақтастықтығы барлық елдердің интернационалдық ынтымақтастығының ажырамас бір бөлігі ретінде қарауымыз керек, - деп көрсетеді [10; 6-8 бб.]. Бірінші тарау «Поляк халықтық-демократиялық мемлекетінің орнауы кезеңіндегі КСРО мен Польшаның саяси ынтымақтастығы» деп соғыстан кейінгі уақыттағы КСРО-ның Польшамен саяси, дипломатиялық байланыстарының орнатылуын, дамуын қарастырады.

Екінші тарау «Қазақстанның Польшамен экономикалық байланыстары» деп аталып, екі елдің түрлі салалардағы экономикалық байланыстарын сипаттайды. Қазақстанның

Польшамен мәдени саладағы байланыстарына үшінші тарау арналған. Автор екі жақты мәдени алмасулар, әдебиет, өнер, интернационалдық тәрбие салаларындағы байланыстарды баяндайды. Сондай-ақ кеңестер одағының жетістіктерін, коммунистік, социалистік идеяларды насихаттау, осы жолдағы түрлі буржуазиялық идеологиямен күресу қажеттігі де баса көрсетіледі. Осыған қатысты: «Халықаралық революциялық күштерді ыдыратуды көздейтін, коммунистік идеяға қарсы белсенді күрес жүргізуші халықаралық реакцияның қазіргі таңда ұлғаюы жағдайында, оның социалистік елдерге қарсы күресінің құралының бірі-идеологиялық диверсия болып табылады. Ол социалистік елдердің революциялық бірлігін ыдырату мақсатымен мүмкіндік бар жерлерде антисоциалистік үгіт-насихатты үдетеді. Мұндай жағдайда буржуазиялық идеология өзінің идеяларын нығайтуды көздейтін, социалистік елдердің әдебиетімен өнеріне буржуазиялық идеологияның еніп кету мүмкіндігіне қарсы тұру өте маңызды», - деп көрсетеді [сонда, 22 б.].

Социалистік лагердегі елдермен арадағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени саладағы байланыстарға арналған Г.Көкебаеваның зерттеу жұмысын атауға болады. Зерттеу 1955-1980 жылдардағы Қазақстан мен Орта Азия Республикаларының Кеңес Одағы мен Германияның арасындағы экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстардың дамуының қатысуына арналған. Маркстік-лениндік методология тұрғысында жазылған зерттеу жұмысы сол заманның дәстүріне, идеологиясына сай социалистік жүйе елдерінің ынтымақтастығы империализмді, жұмысшы табының, социалистік қоғамның жетістіктерін насихаттауға және кеңес қоғамы жөніндегі буржуазиялық авторлардың «теріс» пікірлерін жоққа шығару мақсатын көздейді. Бұл ретте: «Әлемнің жоғары дамыған индустриалды елі-Герман демократиялық республикасымен КСРО-ның экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстарының дамуына Қазақстан мен Орта Азия республикаларының қатысуының нақты мәселелерін зерттеу - одақтас республикалардың егемендік құқығының тапталуы туралы буржуазиялық фальсификаторлардың түрлі жалған теориясының тұрақсыз екендігін ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен, аталмыш проблеманы зерттеу капитализм мен социализм арасындағы идеологиялық күрестің маңызды міндеттерін шешуге ұсыныс жасайды», - деп жазады [11].

Дегенмен буржуазиялық фальсификаторлар айтқандай бұл кезеңде одақтас республикалардың құқықтары шектеулі болғандығы белгілі. Шетелдермен мәдени, экономикалық және ғылыми-техникалық салалардағы байланыстар ғана жасалып, мұның өзі үнемі бақылауда, орталықтың рұқсатымен ғана жүргізілген еді.

Зерттеудің бірінші тарауы КСРО-ның Герман демократиялық республикасымен бауырластық ынтымақтастыққа Қазақстан мен Орта Азия республикаларының қатысуы үшін жасалынған алғышарттар мәселесі қаралады. Автор «Бұл тарауда өзара экономикалық кеңестің еуропа елдерін отын мен шикізаттың зәру түрлерімен қамтамасыз етудегі әрбір республиканың қосқан үлесі көрсетілді», - Қазақстан мен Орта Азия республикаларының шетелдермен экономикалық байланысты Одақтың шикізат көзі болғандығын аңғартады.

Екінші тарауда КСРО мен ГДР арасында бекітілген екі жақты келісімді жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан мен Орта Азия республикаларының сыртқы сауда, өндірістік және ғылыми-техникалық ынтымақтастығының формалары мен нақты бағытының даму динамикасы зерттеледі. Бұл ретте де Орта Азия республикаларының шикізат көзі болғандығын байқауға болады. Себебі, химиялық және металлургиялық шикізаттың негізгі жеткізушісі болып табылатын Қазақстаннан хром рудасы импортының 80 пайызы жеткізіліп отырған [сонда, 14 б.].

Зерттеудің үшінші тарауында әдебиет пен өнер салаларындағы шығармашылық байланыстар қаралып, кәсіподақ, жастардың, спорттық ұйымдардың республиканың шетелдермен достық және мәдени байланысы қоғамының интернационалдық достық клубтарының және мәдени-ағарту салаларының іс-әрекеті көрсетіледі. Екі жақты мәдени

байланыстардағы әдебиеттің рөлі жоғары бағаланып, әдебиет саласындағы аудармалар баяндалады. «Екі ел мәдениеттерінің өзара әрекеттесуі мен өзара баюында жетекші орындардың бірін әдебиет алады. 50-жылдардың ортасында ГДР-де Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиетіне деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Бауырлас елде қазақ және өзбек ертегілерінің жинағы жарық көрді. ГДР оқырмандары әйгілі қырғыз эпосы «Манаспен», Ә.Науаи, Абай, Жамбыл және басқа ортаазиялық және қазақ әдебиетінің классиктерінің шығармаларымен танысты. Қазіргі таңда ГДР-де М.Әуезов, С.Айни, Р.Жалил, Ғ.Мұстафин, Ш.Айтматов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы, Ә.Нұрпейісов, Айбек, А.Каххар, А.Қадыри, А.Мұқтар, Б.Кербәбаев, Ғ.Мұқтаров және басқа жазушылардың шығармалары кеңінен белгілі. Қазақстан мен Орта Азияда неміс әдебиетінің классиктері В.Гете, Ф.Шиллер, Г.Гейнениң шығармаларын аудару мен басып шығаруда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді», - деп жазады. Автор әдебиет саласындағы жаңадан пайда болған байланыстың түрі ретінде - 60-жылдары өмірге келген жазушылардың әдебиеттің дамуының өзекті мәселелерін талдауға арналған шығармашылық кездесуілерін жатқызады. Бұл кездесулер екі елдің жазушылары үшін үлкен мектеп болып табылады, олар социалистік реализм әдебиеттің дамуына жақсы серпін берді деп, кеңестік әдебиеттің үрдістерін таңады. Сонымен бірге бұл тарауда музыка, театр, кино, бейнелеу өнері, теледидар және радио тарату салаларындағы байланыстар проблемалы-хронологиялық тәртіппен сипатталады. Сондай-ақ екі жақты қоғамдық ұйымдар арасындағы, мәдени-ағарту мекемелері арасындағы, туризм мен спорт салаларындағы байланыстар да қарастырылған.

Қазақстанның КСРО-ның сыртқы байланыстарының шеңберінде социалистік жүйедегі елдер ынтымақтастығында Х.С.Әбдіқадырованың диссертациялық жұмысы 1960-1980 жж. Қазақстанның Монғол Халық Республикасымен ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдени байланыстарының тарихына арналады. Зерттеу жұмысы маркстік-лениндік методология тұрғысында жазылып, социалистік интернационалдық тәрбие беру, сондай-ақ социалистік құрылыстағы кеңестік тәжірибені, Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы лениндік ұлт саясатының жетістіктерін, олардың халықаралық ынтымақтастықтағы табыстарын насихаттауға арналған [12]. Зерттеу жұмысы фактілік материалдарының, деректік көздерінің молдығымен ерекшеленеді. Автор дерек көздерін төрт топқа бөледі. Бірінші топқа жинақтар мен статистикалық материалдар жатқызылса, екінші топқа мұрағат қорларындағы құжаттар жатқызылған. Сондай-ақ үшінші топ жекелеген министрліктердің, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың ағымдағы мұрағаттарынан тұрса, төртінші топ мерзімді басылым деректерінен тұрады.

Автор екі жақты мәдени байланыстарды қорытындылай келе «КСРО-ның, оның ішінде Қазақ КСР-і мен МХР-дің маркстік-лениндік және социалистік интернационализм, бауырлас өзара көмек қағидаларымен жүзеге асырылып отырған мәдени ынтымақтастық, біздің еліміздің қоғамдық өміріндегі маңызды фактор, жеке тұлға ретінде дамыған, коммунистік болашақтың адамын, жаңа адамды қалыптастыратын құрал болып табылады. Басқаша айтқанда, біздің еліміздің халықтарының мәдени, ғылыми-техникалық және ғылыми байланыстарының түрлі формалары жас ұрпаққа интернационалдық тәрбие беруге, олардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды қалыптастыруға, кеңес және монғол халықтарының достастығының одан әрмен дамуына септігін тигізеді», - деп коммунистік идеология, интернационалдық тәрбие беру шеңберінде өз тұжырымын жасайды.

Жалпы алғанда, Қазақстанның шетелдермен, оның ішінде батыс елдерімен мәдени байланыстарының тарихына қатысты еңбектер екі жақты мәдени байланыстардағы коммунистік идеология, интернационалдық тәрбие негізінде жазылды. Ғылыми зерттеулерде мәдени ынтымақтастықтың тарихын идеологияландыру, шетелдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы кеңестік тәжірибе мен көмектің рөлі асыра бағаланды.

Әдебиетгер

1. Шамжанова Р. Живительный источник. - Алма-Ата.: Казахское государственное издательство, 1963. - 52 с.
2. Шамжанова Р. Наш девиз-дружба. – Алма-Ата.: Казахстан, 1966. - 112 с.
3. Слово зарубежных друзей о Советском Казахстане. - Алма-Ата.: Казгосиздат, 1957. - 222 с.
4. Слово зарубежных друзей о Советском Казахстане. - Алма-Ата.: Казахстан, 1973.-92 с.
5. Омаров И. Зенюк Ю. Қазақстан.- Алма-Ата,1967. (Казахское общество дружбы и культурных связей с зарубежными странами).
6. Қалиев Ж. Қазақстан шетелдіктердің көзімен.–Алматы: Қазақ ССР Білім қоғамы,1984.- 40 б.
7. Казахская Советская социалистическая республика. - Алма-Ата.: Казахстан, 1965. – С.30
8. Казахская Советская социалистическая республика. - Алма-Ата.: Казахстан, 1981. – С.30
9. Дулатов Н.Ш. Внешнеэкономические связи Казахстана с зарубежными странами.- Алма-Ата, 1982. –С.56 .
10. Гойко Л.В. Экономические и культурные связи Казахстана с Польской Народной Республикой (1944-1967 гг.) Специальность: 571-История СССР. Автореф.дисс.на соиск. канд.ист.наук. - Алма-Ата, 1970. - С.24 .
11. Кокебаева Г.К. Участие Казахстана и республик Средней Азии в развитии экономических, научных и культурных связей между Советским Союзом и Германской Демократической Республикой (1955-1980 гг.) Специальность 07 00 03-Всеобщая история. Автореф. дисс.на соискание канд.ист.наук. - Москва, 1985. –С.21 .
12. Абдикадилова Х.С. Научно-техническое, экономическое и культурное сотрудничество Казахской ССР с Монгольской Народной Республикой (1960-1980 гг.). Специальность 07 00 02-Всеобщая СССР. Автореф.дисс.на соискание канд.ист.наук.- Алматы, 1986. – С.24.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВОВЕДЕНИЕ
ӘОЖ 631.1

Дәстүрлік шаруашылықты жаңаша дамыту

Қарамырзиев Т.К.

Атырау мұнай және газ институты

В статье рассматриваются проблемы развития сельского хозяйства, а также о целенаправленного использования природных ресурсов.

The problems of development of agriculture are examined in the article, and also at purposeful the use of natural resources.

Ключевые слова: *агропромышленность, природные ресурсы, животноводство.*

Keywords: *agriculture, natural resources, animal husbandry.*

Қазіргі кезде Қазақстан жер жүзіне өзінің табиғи (әсіресе, соның ішінде көмірсутегі) қорларын кеңінен пайдалануымен таныс. Олардан түскен тегін қаражатқа мәз боламыз. Ал табиғи қорлардың негізгі қасиеті – бұл түбінде сарқылуымен аяқталады. Мұнай мен газдың қазақ жерінің астындағы қоры әрі кетсе жүз жыл маңында таусылады. Қазіргі кездегі мұнай мен газды жаңа техниканың және технологияның күшімен өндіру, сонымен қатар шетел кәсіпкерлері қолына берілген мұнай-газ кеніштерін ережесіз игеріп, қажетті режимін сақтамай, қалай болғанда да тезінен өндіріп алып қорын сарқытуға ұмтылуына қақ қарқынында, мұнай-газ қорлары одан да қысқа мерзім ішінде таусылуы мүмкін. Ол шақта ауқымды қаржылардан айырыларымыз сөзсіз. Осындай аса қатерлі жағдайдан кейін «Қазақ халқы не іспен айналыспақ?», «Ақшасыз адамдарға тамақты кім бермек, қазақ өзін өзі қалай асырайды?» - деген сауалдар өзінен өзі туындайды. Бұл бізді күтіп тұрған апат деуге болады. Оны болдырмауын осы бастан бастап алдын ала ескерту ел ғалымдарының міндеті.

Қазақ жерінде мұнай және газ өндіріс дамығаннан бастап, ел дәстүрлі шаруашылықты мүлдем ұмытты. Бұрын мал баққан жас жандар мұнай және газ кен орындары ашылғаннан бастап жаппай мұнай өндірістеріне лек-легімен ауысып, мал бағушы болып, тек жасы еңкейген кәриялар ғана аз мезгіл мал ұстап тұрды. Соңғылардың хал-қуаты кете бастағаннан бастап, мал бағатын ешкім болмай қалды. Колхоз және совхоздардан құтылғаннан бастап мал саны азая берді.

Колхоз және совхоз болып ұжымдасып мал өсіргендер құрдымға кетіп, тек өлмешінің күнін көрген жанұялар өз мұқтаждылығына ғана жететін жеке мешіктегі мал басын өсіріп, қала-қалашықтардан алыс кете алмай, өлмешінің күнін көруде. Олардың көрген қызығы мал өсіру; тыңдаған әуені мал маңырауы, дене шынықтыру малдың соңында жүру; ауыра қалса, малды бала-шағаға тастап немесе ессіз қалдырып, дәрігерлер көмегіне қалаға шабу; малы ауруға ұшыраса мал дәрігерлері жоқтығынан, істер амалы жоқ болғандықтан, тағдырдың салғанына көну; оқу жасындағы балаларын оқыту үшін тағы да қалаға жүгіну; мал өнімін өткізу үшін де баяғы қала басына бару; еті, сүті базарда ұзақ тұрса, оларды өткізе алмай сарсанға салынып, қорлық көру; ен далада жанұясын ит-құстан, «екі аяқты қасқырлардан» сақтай алмау қаупі тағы бар; жеке жанұяның техниканы қолдануына мүмкіншіліктің жоқтығынан мал шаруашылығын аса дамыта алмауы т.с.с. себептер көп ақ! Осы жолдардың авторы Ақтөбе қаласының маңын аралап шыққандағы көргені лажсыздан жүз қаралы мал бағып, әр суаттың басында жоғарғылардай жағдай кешіп

отырған бір-бір жанұяның тіршілігі. Осындай азаптардан құтылудың жолы бар ма деген сұраққа кең даланы игеру арқылы жауап беру мүмкіншіліктері мол.

Ақтөбе облысының әлі де болса игерілмеген кең даласы жеткілікті. Бұл даланың ең байлығы жәйілімдеріндегі мал азығының жылма-жыл жаңғырып отыратын табиғи қорлары. Оларды игеру үшін су қажет. Су көзінің екі түрі бар: жер бетіндегі өзендер мен көлдер және жерастының ағынды сулары. Бірінші түрдегі су көздері Ақтөбе облысында өте сирек кездеседі, жоқтың қасы, бола қалғанның өзінде де барлық жәйілімдерді суландыра алмайды.

Жерасты сулары гидрогеологтардың болжамы бойынша облыстың 89% көлемін алып жатыр. Бұл 80% кеңістігінде орналасқан табиғи жәйілімін суландыруды толығымен қамтамасыз ете алатын мүмкіншілік. Демек, Ақтөбе облысы жерасты суларына бай деген сөз. Осы байлықты неге игермеске? Оған тек қажетті қаражат бөліп, гидрогеология жұмыстарын қайтадан жандандырып, жерасты суларының болжамдарын нақты жағдайға келтіру, оны пайдаланып, жәйілімдерді игеру қажет деп санаймыз. Осы орайда облыстың Хобда және Шалқар аудандарын мысалға келтіруге болады. Әсіресе жәйілімдері қуаңқы, бірақ та жерасты сулары мол Шалқар ауданында агроөндірістік жүйелер құрып, мал шаруашылығын дамытып, жұмыссыз жүрген жастарды тартып, бос жатқан кең жерлерді игеруге мүмкіндіктері мол. Осы өңірде тәжірибе алу қақында жерасты суларын мал шаруашылығына пайдаланудың мезгілі жеткен сияқты.

Әрине жер бетіндегі өзінен өзі ағып жатқан өзендер маңында орналасқан адамдарға жер асты суын пайдалану түсініксіз болар, дегенменде Ақтөбе өңірі жерасты суларын көптен бері халыққа ауызсу ретінде пайдалануда. Мысалы, Ақтөбе қаласының халқы, кейбір шағын мекендер толығымен жерасты суымен қоректенуде. Ендігі мақсат кең даланы игеру: жерасты суларына сүйене отырып, құнарлы жәйілімдерді іске қосып, мал басын көбейту қажет. Осы мақсаттарға жету үшін Ақтөбе облысының мүмкіншіліктері жетеді. Оның жолдары қандай болмақ дегенге біз төмендегі дәлелдемелерді келтірмекпіз.

Алдыменен жерасты суын мал жәйілімдерінде қалай пайдаланамыз? Бір суаттың басындағы суға мұқтаждылық орасан аз келеді, секундiне 0,2 литрден аспайды. Артезиандық ұңғымалардың өнімділігі мол, дебиттері 1-100 литр шамасында болады. Сондықтанда әр суат басында бір су сорғыш ұңғыманы қазуға көп қаражат керек, суат сайын бір-бір ұңғымалардан суландыру қымбатқа шығады. Сол себептен бір ұңғыма бірнеше жәйілім учаскелерін суландыруға арналуы қажет.

Ал, ұңғыманың суын бірнеше жәйілім учаскелерін суландыруға пайдаланудың қандай жолдары бар деген сұраққа жауап ретінде жер асты суын жүйелі түрде пайдалануды ұсынамыз (1-сұлде).

Жәйілімді суландыру жүйесі

а) қысымды б) жарты қысымды в) өзі ағатын су




Рис. 1. Жәйілімді суландыру жүйесі (Т.Қ.Қарамырзиев. Атырау қ.):

а) қатар бойынша: 1 – бір қатарлы, 2 – екі қатарлы, 3 – үш қатарлы, 4 – төрт қатарлы; 5- бес қатарлы; құбыр қысымы бойынша: а) қысымды; б) жартылай қысымды; в) өз ағынымен су ағу жүйесі.

Сұлдеде көрсетілгендей, қақ ортада бір ұңғыма қазылуы қақ, оның айналасынан 60⁰ бұрыштамамен жан-жағына тартылған магистралдық құбырлар және әр суатқа су жеткізетін құбырлардың тармақтары болмақ.

Жәйілімдерді суландыруға арналған ұңғымалардың дебиттеріне сай суландыру жүйесі бір және біренеше қатарлы болуы мүмкін. Ұңғымалардың дебиттері неғұрлым жоғары болса, суландыру жүйесі солғұрлым күрделі келеді. Суландыру жүйесінің қатарлары көбейген сайын ұңғымадан алынатын жерасты суының тиімділігі арта түседі. Бірақ та, мұндай жағдайда суды суаттарға тасымалдап жеткізу шығындары өседі де, суландыру ісі қымбаттайды. Әр ұңғыманың дебитіне қарай жер бетіне көтерілетін су мен су тасымалдау шығындарын салыстыра отырып, экономикалық тиімді жолдары есепке алынуы қажет.

Жүйенің қатарлары көбейген сайын оның орталықта қазылған ұңғымадан қашықтығы ұзая түседі. Бес қатарлы жүйе мен ұңғыма аралығы 15,6 шақырымнан артпайды. Әр жәйілім учаскелерінің өсімдіктер өнімділігі өсуіне байланысты қатарлардың қашықтығы азая бермек.

Жер бетінің бітісіне қарай суды тасымалдаудың қысымды (а), жартылай қысымды (б) және өз ағынымен жететін (в) үш түрі болмақ. Олардың жазықтық жерде бірінші түрі, ылдилау кеңістікте – екіншісі және үшіншісі іске қосылмақ. Ақтөбе өңірінде суды айдаудың үш түрі де болуы мүмкін.

Жәйілімдерді жүйелі пайдаланудың жолдары қандай болмақ?

Әр жәйілім бөлшегі 2340 гектар көлемінде болуы қажет, яғни малдың оптималды ет қосу салмағы төмендемес үшін суаттан ұзап кететін қашықтығы (өрісі) үш шақырымнан аспауы шарт. Қазақ жерінде мал өрісі нақты жағдайда статистика бойынша 2,4-2,6 шақырым ғана аралығында қалыптасқан. Жәйілімдегі мал азығы өнімділігі өскен сайын, әр учаскенің көлемі азая бермек те, мал өрісі қысқара түспек. Сондықтанда жәйілім өнімділігін арттыру мақсат. Олай болса шөлейт жерлерге өсімдіктер отырғызылу жәйілімді жүйелі пайдаланудың қажетті жолы, яғни суаттардың айналасындағы өңірде жәйілімдер өнімділігін арттыру мақсатында шөл және шөлейт жерлерге төзімді өсімдіктер отырғызу жәйілімді ұқыпты пайдаланудың негізгі шарты.

Жәйілім кеңістігін ұқыпты пайдалануды тағы бір жолы – оның тиімді формасын табу. Жазықтықты тиімді пайдалану үшін бір учаскенің формасы алтыбұрышты болуы жөн.

Жерасты суларын және жәйілімдерді жүйелі пайдаланудың нәтижесі қандай болмақ?

Жерасты суларын және жәйілімдер тандемін жүйелі пайдаланудың негізгі механизмі болып мал бағушыларды бір жерге шоғырлардырып, ірі шаруашылық ұжым құру болып табылады. Біздің пікірімізше бір немесе бірнеше ұңғымалар топтасқан маңда қалыптасқан мұндай ірі шаруашылық ұжымын «Өркениетті ауыл» деп атау керек. Жәйілімдер мен жерасты суын жүйелі пайдаланудың негізгі түйіні малшыларға қолайлы жағдайлар мен олардың өмірін жақсартуға мүмкіндіктер туғызу. Адам топтасқан жерде күш біріктіріледі. Күш біріккен жерде алынатын өнім саны көбейеді, құны арзансиды, жоғарыда келтірілген қиындықтардан арылып, түрлі жағымды жағдайлар пайда болады.

Малшыларды «Өркениетті ауылға» топтастырудың аса бір ерекшелігі, ол мал өнімдерін өндейтін шағын өндірістер ашу, яғни малдың еті мен сүтін өндеп, түрлі жарты фабрикат немесе дайын тауар шығаруға арналған мини зауыттар тұрғызу. Мал жүнін өндеп және терілерін илеп, одан жергілікті жерде сан алуан бұйымдар шығаратын жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер туады. Демек, өндіріс тауарлары дамиды. Осылардың барлығы бір жүйенің қарамағында істелмек. Сондықтанда «Өркениетті ауылды» толықтыра отырып, «Агроөндірістік жүйе» деп те атауға да орынды.

Мұндай құрылымдарды құрудың негізгі мақсаты агроөндірістік жүйе құрамындағы халыққа қолайлы жағдай туғызып, ауылдық жерге жастарды тартып, дәстүрлі

экономиканы дамытып, мал шаруашылығы өнімдерін көбейтіп, елімізді мал өнімдерін импорттаудан экспорттауға аудару.

«Малшылар қауымын орталықтандыру Одақ кезінде де болған, одан ештеңе шыққан емес» - деушілерде болуы мүмкін. Одақ заманында болған орталықтандыру жербеті сулары жағасында қалыптасып қалған шағын қалалар немесе ірі ауылдар маңында болғанды. Біздің ұсынысымыздың айырмашылығы – мұндай агроөндірістік жүйелерді жерасты сулары мол және жәйілімдері құнарлы немесе құнарлы етуге жарайтын жерлерде болмақ. Бұл халқымыздың қолынан келетін іс.

«Агроөндірістік жүйенің» құрылымы туралы түсініктерді 1-кестеден көруге болады (кестеде құрылым тек екі қатарлы жүйеге арнап келтірілген). Бір жүйеде үш түрлі құрылымдар пайда болмақ:

- мал бағып, өсімдіктер отырғызып, мал азығын дайындайтын жер суару, және малдан алынатын өнімдерді өңдейтін негізгі шару ашылық;
- ұнғымаларды, су айдаушы қондырғаларын және құбырларды, машина-трактор және басқа да техникаларды қамтушы көмекші өндірістер;
- алдыңғы екі өндірістердегі қызметкерлерге тұрмыстық жағдайлар туғызушы инфрақұрылымдар.

Жүйелердің қатарлары өскен сайын (2-кесте) мал саны да, адамдар саны да, әрине, алынатын өнімдер де өсе бермек. Бір суаттың басында 600 бас уақ мал ұсталатын болса, бір қатарлы жүйеде – 3600, екі қатарлысында – 10800, үш қатарлысында -21600, төрт қатарлысында – 36000, бес қатарлысында – 54000 мал басына жетеді екен.

Жәйілімдегі мал басының 60% аналық болады деп есепке алсақ, әр аналықтан жылына бір бас өнім алынса, сол өсім есебінде өңдеу зауыттарына мал өткізілсе, өңделетін ет саны (бір бастың тірі салмағыен 36 кг деп есепке алынса) жылына бір отардан (600 бас) 12960 (600x0,6x36) кг тірі салмақты мал өткізіледі екен. Бір бастан 45% ет, 2.72 кг жүн түсетін болса, жылына бір отардың өнімдер саны: ет 5800 (12960X0,45) кг, жүн – 979(360x2,72) кг, тері –360 дана өңдеу немесе сату орындарына өткізілмек.

1-кесте

Екі қатарлы «Агроөндірістік жүйенің» құрылымы

Подразделения	Түтіндер саны				Адамдар саны			
	С	СӨЕ	СОЖ	СӨЕОЖ	С	СӨЕ	СОЖ	СӨЕОЖ
1. Өндірістер:								
а) негізгі өндіріс:								
Мал бағушылар	38	38	38	38	266	266	266	266
Өсімдік егушілер	-	5	-	5	-	35	-	35
Оазистік жер суарушылар	-	-	10	10	-	-	70	70
Ет өңдеушілер	5	5	5	5	35	35	35	35
Сүт өңдеушілер	5	5	5	5	35	35	35	35
Жүн өңдеушілер	5	5	5	5	35	35	35	35
Тері илеушілер, тігіншілер	3	3	3	3	21	21	21	21
<i>Негізгі өндірістегілербәрі</i>	<i>56</i>	<i>61</i>	<i>66</i>	<i>71</i>	<i>392</i>	<i>427</i>	<i>462</i>	<i>497</i>
б) көмекші өндірістер:								
Ұнғымаларды қамтушылар	4	4	4	4	28	28	28	28
Суайдағыштарды қамтушылар	4	4	4	4	28	28	28	28

Құбырларды қамтушылар	4	4	4	4	28	28	28	28
машино-техника ұстаушылар	10	10	10	10	70	70	70	70
<i>Көмекші өндірістегілер</i>	<i>22</i>	<i>22</i>	<i>22</i>	<i>22</i>	<i>154</i>	<i>154</i>	<i>154</i>	<i>154</i>
<i>Өндірістегілер саны</i>	<i>78</i>	<i>83</i>	<i>88</i>	<i>93</i>	<i>546</i>	<i>581</i>	<i>616</i>	<i>651</i>

2. Инфрақұрылым								
Сауда орындары:								
азық-түлік дүкендері	1	1	1	1	7	7	7	7
өндіріс тауарлар дүкендері	1	1	1	1	7	7	7	7
Қоғамдық аспазшылар:								
асхана	3	3	3	3	21	21	21	21
кафе	3	3	3	3	21	21	21	21
Балалар орындары:								
бақша-ясли	5	5	5	5	35	35	35	35
мектеп	10	10	10	10	70	70	70	70
Емші орындар:								
емхана	5	5	5	5	35	35	35	35
аурухана	5	5	5	5	35	35	35	35
Ойын-сауық орындары:								
клуб және кітапхана	3	3	3	3	21	21	21	21
жастар спорт алаңы	3	3	3	3	21	21	21	21
Коммуналдық шаруашылық	10	10	10	10	70	70	70	70
Құқық қорғау орындары	3	3	3	3	21	21	21	21
Жергілікті басқару	5	5	5	5	35	35	35	35
<i>Инфрақұрылым құрамы</i>	<i>57</i>	<i>57</i>	<i>57</i>	<i>57</i>	<i>399</i>	<i>399</i>	<i>399</i>	<i>399</i>
Барлығы	135	140	145	150	945	980	1015	1050
Түсініктеме: С – суландыру; СӨЕ – суландыру және өсімдік егу; СОЖ –суландыру және оазистік жер суару; СӨЕОЖ – суландырумен қатар өсімдіктер егу, оазистік жер суару. Кестеде келтірілген есеп сандары шамамен алынған.								

Солай болатын болса, әр қатарлы жүйедегі мал шаруашылығынан түсетін өнімдерді 2-ші кестедегідей етіп санап шығаруға болады. Мал азығымен және тұщы сумен қамтамасыз ету жағдайлары жақсарғанда әр бас малдың жеке салмағы өссе, сауынды мал сүтті болса және жүн түсімі көбейсе олардың түсетін өнімдері де өсімтал келеді, олардан түсетін тері сапалары да артады.

Жүйе қатарларының өсуіне байланысты адамдар саны да өседі. Бір түтінде жеті жан (әке, шеше және бес бала, орыстар айтқандай «семь я») болса

Халқының саны бір қатарлыдағы 591 адамнан 3391 адамға дейін көбеймек. Бұл қолы бос жүрген жастарды жұмыс орындарымен қамтиды.

Жүйе қатарлары өскен сайын, ұңғымадан алынатын су көлемі де өсе түспек. Әр уақ мал басына күніге 10 л, адам басына 35 л, жуынуға жұмасына 200 л су керек деп есепке алсақ, бір жүйеге 27-276 мың м³ су қажет. Мұндай көлемде су өндіру үшін бір қатарлы жүйеге ұңғыма дебиті секундына 0,85 л болса, бес қатарлы жүйеге дебит 8,74 л аспайды.

Демек, бір жүйені бір ұңғымадан көтерілетін жерасты суымен қамтамасыз етуге болады деген сөз. Мұндай өнімділігі бар ұңғымалар Ақтөбе жерінде оңай табылады.

Қорыта келгенде, Ақтөбе облысы бойынша осындай «Агроөндірістік жүйелер» құрылатын жағдайда мынадай нәтижелер алуға мүмкіндіктер туады:

- жер асты суы жәйілімдерді игеруге кеңінен пайдаланылады да, облыста жаңа жерасты суын өткізетін өнеркәсібі ашылады; халық денсаулыққа қолайлы жерасты суын өзі ішіп, малын суаратын өмір кешетін болады;
